

# ҚАЗАҚСТАНДА ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ


ISSN 1996-2029

№ 8 (176)  
2021

## ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО В КАЗАХСТАНЕ

[www.kadry.mcfr.kz](http://www.kadry.mcfr.kz)

- **ІСКЕРЛІК ҚАҒАЗДАРДЫ ЖІКТЕУ: КОМПАНИЯНЫҢ ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУІНДЕ МІНДЕТТЕРДІ ЖЕДЕЛ ШЕШУ ҮШІН ҢҒАЙЛЫ ҚҰРАЛДЫ ҚАЛАЙ ӘЗІРЛЕУГЕ БОЛАДЫ**
- **ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАРЫ АЛТЫНҒА ТЕҢ? ОЛАРДЫ ҚАЛАЙ БАҒАЛАУ, ЖҮЙЕЛЕУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВКЕ БАРЛЫҚ ҚАҒИДАЛАР БОЙЫНША ҚАЛАЙ ТАПСЫРУ КЕРЕК?**
- **«АҚЫЛДЫ» КЕСТЕЛЕР: MS EXCEL КӨМЕГІМЕН ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫН ҚАЛАЙ ЖАСАУҒА БОЛАДЫ**
- **КЛАССИФИКАЦИЯ ДЕЛОВЫХ БУМАГ: КАК РАЗРАБОТАТЬ УДОБНЫЙ ИНСТРУМЕНТ ДЛЯ ОПЕРАТИВНОГО РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ В ДЕЛОПРОИЗВОДСТВЕ КОМПАНИИ**
- **КАКИЕ ДОКУМЕНТЫ ЛИЧНОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ НА ВЕС ЗОЛОТА? КАК ОЦЕНИТЬ, СИСТЕМАТИЗИРОВАТЬ И СДАТЬ В ГОСАРХИВ ПО ВСЕМ ПРАВИЛАМ**
- **«УМНЫЕ» ТАБЛИЦЫ: КАК СОЗДАТЬ БАЗУ ДАННЫХ С ПОМОЩЬЮ MS EXCEL**



**Электронная система  
«ACTUALIS: Кадровое дело»**  
Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО**  
на сайте [vip-kadry.mcfr.kz](http://vip-kadry.mcfr.kz)

**НОВОЕ в электронной системе:**

- **Может ли сотрудница работать в период отпуска по беременности и родам?**



МЦФЭР-Казахстан

# ПРИМИТЕ УЧАСТИЕ В ПРАКТИЧЕСКОМ ОБУЧЕНИИ

**10–11 августа**

**«Работа согласительной комиссии  
и трудовые споры»**

**16–17 августа**

**«Трудовые отношения в РК.  
Практика применения трудового  
законодательства»**

**20 августа**

**«Налоговые проверки.  
Критические нарушения, их предотвращение  
и обжалование»**

**24–25 августа**

**«Кадровое делопроизводство  
на государственном и русском языках  
с изменениями в ТК РК в 2021 году»**

**26–27 августа**

**«Работа согласительной комиссии  
и трудовые споры»**



## АКЦИЯ 2+1

При участии двух  
слушателей в онлайн  
семинаре – участие  
третьего в подарок!

Тел.: +7 777 273 32 28;  
+7 702 953 01 07  
[www.seminar.mcfr.kz](http://www.seminar.mcfr.kz)

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»  
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова

ТОО «МЦФЭР–Казахстан»

Редакция тематического направления  
«ОХРАНА ТРУДА, КАДРЫ  
И ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО»

Руководитель тематического направления –  
С. Е. Сергеев  
head.kadry@mcfr.kz  
Главный редактор журнала –  
А. С. Ким  
kadry-otk2@mcfr.kz  
тел.: +7 (727) 323-62-29 (вн. 116)  
Редактор по работе с авторами –  
И. В. Пильгук

Литературный редактор-переводчик  
текстов на казахский язык – К. О. Исламова  
Руководитель отдела допечатной  
подготовки – А. Х. Дербесова  
Дизайнер-верстальщик – М. Д. Ниязбаева

Адрес редакции: 050009, г. Алматы,  
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,  
офис 712

тел.: +7 (727) 323-62-29 (вн. 116)

Отдел маркетинга

Бренд-менеджер – С. М. Талгатова,  
bтm2@mcfr.kz

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 134)

Отдел адресной подписки и сбита

тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13  
e-mail: sbyt@mcfr.kz, info@mcfr.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Д. А. Тойчибеков

sb1@mcfr.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)

Менеджер по работе с клиентами –

Г. Е. Жантукеева

support@mcfr.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 130)

Подписку можно оформить:

- по online-заявке – [www.kadry.mcfr.kz](http://www.kadry.mcfr.kz)
- в редакции, в отделе адресной подписки
- по каталогам (подписной индекс – **75385**)  
– «Казпочта»: почтовые отделения  
– «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87  
– «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 375-12-65

Свидетельство о постановке на учёт  
периодического печатного издания  
и информационного агентства № 15567-Ж  
от 18.09.2015 выдано Министерством  
по инвестициям и развитию Республики  
Казахстан. Комитет связи, информатизации  
и информации.

Мнение редакции может не совпадать  
с мнением авторов.

Перепечатка материалов, опубликованных  
в журнале, допускается только  
с письменного согласия редакции.

Представленные тексты нормативных  
правовых актов идентичны официально  
опубликованным версиям.

Редакция не несёт ответственности

за содержание рекламных материалов.

PR-материал публикуется на правах рекламы.

Претензии по опубликованной рекламе

принимаются в течение 10 календарных

дней со дня выхода номера.

Подписано в печать 30.07.2021.

Формат 84x108<sup>1/16</sup>. Тираж 5 000 экз.

Печать офсетная. Бумага офсетная.

Заказ № \_\_\_\_\_ Цена договорная.

ТОО «МЦФЭР–Казахстан». Юридический адрес:

050009, г. Алматы, ул. Шевченко,

ул. ул. Радостовца, 1656/72г, офис 712.

Отпечатано в соответствии

с предоставленными материалами

в типографии ТОО «Print House Gerona»,

ул. Сатпаева, 30а/3, офис 124.

Тел.: +7 (727) 250-47-40, 398-94-60

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2021

# ҚАЗАҚСТАНДА ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ

№

8 (176)

2021

## ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО В КАЗАХСТАНЕ

### Құрметті оқырмандар!

Тамыз – жаздың соңғы айы. Оны асықтырмай, созу керек, бір тамшыдан сузу керек, осы керемет кезеңді қыстың аязды кештерінде еске алып отыру үшін, күннің көзіне тоймай қарау керек. Тамыз оқиғаларға толы емес, бірақ ерекше екі күн бар. 10 тамызда қазақтың ұлы ақыны – **Абай күні** тойланады. Біздің елімізді библиографтардың, өлкетанушылардың, архившілердің арқасында сақталған ерекше мұрасыз елестету қиын. 30 тамызда біз дәстүрлі түрде маңызды мемлекеттік мерекені – Қазақстан Республикасының **Конституциясы күнін** атап өтеміз. Ол бізге еңбек еркіндігіне, кемсітусіз еңбек қатынастарына және қауіпсіз жағдайларға кепілдік береді.

Журналдың жаңа нөмірінде белгілі адамдардың жеке құжаттарының мемлекеттік архивтен музей жәдігерлеріне дейінгі өтетін жолы туралы айтамыз. Сонымен қатар, жеке тұлғалардың құжаттары мемлекеттік архивке қалай тапсырылатынын, олар үшін құндылық өлшемшарттары не болып табылатынын, оларды қалай дұрыс сипаттау, жүйелеу туралы білесіз. Осы және көптеген басқа ақпарат – архив ісі саласындағы сарапшының мақаласында.

Күз қарсаңында өз басыңда, үйіңде және жұмыс орнында тазалық жүргізіп, бәрін реттеу қажет. Қыстың қамын жаз ойла дегендей. Біз **«қаорық шаруашылықта» «тазалық»** жүргізуге көмектесеміз: неден бастау керек, неге назар аудару керек, нені ескеру керек. Біздің кеңестерімізді оқып, ескі құжаттарды жою рәсімін өткізетін боласыз.

Ақпараттық технологияларды меңгеруді жалғастырамыз. Бұл жолы **MS Excel** арқылы **«ақылды» кестелерді қалай жасауға болатыны** туралы айтамыз. Бәрі өте оңай. Зерттеңіз, іс жүзінде үйреніңіз, қолданыңыз және қолмен жұмыс істеуді ұмытыңыз.

Қорытындысында көп ұрпақ ойланатын бір құпияны ашамыз – **өз ісіді қалай табу керек**. Егер сіз осы уақытқа дейін неге бейім екеніңізді білмей жүрсеңіз, онда осы мақала сізге арналған. Дайын рецепт жоқ, бірақ ұсынылатын бағыт-бағдар сенімді.

Мақалаларға берген бағаларыңыз бен жазған пікірлеріңіз үшін алғысымызды айтамыз. Олар біз үшін өте маңызды!

Сіздерге қолайлы болу үшін журнал баспа және электрондық форматтарда шығады. Журналға [www.e.delopro.mcfr.kz](http://www.e.delopro.mcfr.kz) сайтында жазылуға болады. **«ACTUALIS: Кадровое дело»** электрондық жүйесінде өзекті және пайдалы ақпаратты көбірек табасыздар.

Алла Ким, бас редактор,  
e-mail: kadry-otk2@mcfr.kz

### Уважаемые читатели!

Август – последний месяц лета. Его надо растягивать, не торопиться, цедить по капле, смотреть на солнце, чтобы хранить эту божественную пору в воспоминаниях долгими зимними вечерами. Август не богат на события, но есть два особых. 10 августа отмечают **День Абая** – великого казахского поэта. Трудно представить нашу страну без его уникального наследия, которое сохранили благодаря библиографам, краеведам, работникам архивов. 30 августа мы традиционно отмечаем важный государственный праздник – **День Конституции** Республики Казахстан. Она гарантирует нам свободу труда, трудовые отношения без дискриминации, безопасные условия.

В новом номере журнала расскажем, как личные документы известных людей проходят путь от государственных архивов до музейных экспонатов. Кроме того узнаете, **каким образом документы личного происхождения сдают в госархив, что для них является критериями ценности, как правильно их описать, систематизировать.** Это и многое другое – в статье эксперта в сфере архивного дела.

Накануне осени не помешает новости порябкок и в голове, и в доме, и на рабочем месте. Как говорится, готовь сани летом. Поможем **провести «генеральную уборку» в «кадровом хозяйстве»:** с чего начать, на что обратить внимание, какие детали нельзя упустить из виду. Прислушавшись к нашим советам, вы проведёте процедуру **уничтожения устаревших документов без потерь.**

Продолжаем осваивать информационные технологии. В этот раз поделимся, **как создавать «умные» таблицы с помощью MS Excel.** Всё предельно просто. Изучайте, пробуйте, применяйте и забудете про ручной труд.

И в заключение откроем тайну, над которой бьется не одно поколение – **как найти своё призвание** (ТОП-5 способов как найти своё призвание). Если вы до сих пор не знаете, в чём ваше предназначение, эта статья для вас. Готовых рецептов нет, но ориентиры надёжные.

Спасибо вам за оценки и комментарии к статьям. Для нас они очень важны!

Обратите внимание, что для вашего удобства журнал выходит в печатном и электронном форматах. Оформить подписку на них можно на сайте [www.e.delopro.mcfr.kz](http://www.e.delopro.mcfr.kz). В электронной системе **«ACTUALIS: Кадровое дело»** размещено ещё больше актуальной и полезной информации.

Алла Ким, главный редактор,  
e-mail: kadry-otk2@mcfr.kz

---

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

**А. Ж. Қарымсақов**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Орталық мемлекеттік архиві» РММ директоры*

**Ә. Н. Нысанбаев**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының академик-хатшысы, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор*

**В. П. Стремский**

*Мемлекеттік және жергілікті басқару институтының бірінші вице-ректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор*

**Т. Н. Тойбаев**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазба архиві» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры*

**З. Б. Агибетов**

*Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысы*

**Р. С. Шимашева**

*Алматы қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы*

## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

**А. Ж. Карымсаков**

*директор РГУ «Центральный государственный архив» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан*

**А. Н. Нысанбаев**

*академик-секретарь Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, академик НАН Республики Казахстан, доктор философских наук, профессор*

**В. П. Стремский**

*первый вице-ректор Института государственного и местного управления, кандидат исторических наук, профессор*

**Т. Н. Тойбаев**

*директор Республиканского государственного учреждения «Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан*

**З. Б. Агибетов**

*руководитель Департамента Комитета труда, социальной защиты и миграции Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан по Алматинской области*

**Р. С. Шимашева**

*руководитель управления по развитию языков, архивов и документации акимата г. Алматы*

**БАЛАНЫ ТАМАҚТАНДЫРУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ҮЗІЛІСТЕР БЕРУ  
ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚ**



**«Лотос»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестік**

Эмблема,  
логотип, қызмет  
көрсету белгісі,  
тауар белгісі

**Товарищество  
с ограниченной  
ответственностью  
«Лотос»**

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

22 қаңтар 2021 жыл  
Алматы қаласы

№ 11-К  
город Алматы

**Баланы тамақтандыруға арналған  
қосымша үзілістер беру туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 82-бабының 3-ші және 4-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жылғы 25 қаңтардан бастап 2021 жылғы 28 шілдеге дейінгі кезеңде сапаны бақылау бөлімінің бастығы Григорьева Олеся Константиновнаға бір жарым жастағы баланы тәрбиелеп жатқан жұмыс істейтін ана ретінде жұмыс күні ішінде баланы тамақтандыруға арналған әрқайсысының ұзақтығы 30 минут болатын екі қосымша үзіліс берілсін.

2. Баланы тамақтандыруға арналған белгіленген үзілістер жиынтық түрінде тиісті қысқартылған жұмыс күнінің соңына ауыстырылсын.

3. О. К. Григорьеваға 2021 жылғы 25 қаңтардан бастап 2021 жылғы 28 шілдеге дейін келесі жұмыс кестесі белгіленсін:

- бес күндік жұмыс аптасы;
- екі демалыс күні (сенбі, жексенбі);
- жұмыс режимі:

жұмыс күнінің басталуы – 9.00;

түскі үзіліс – 13.00-ден бастап 14.00-ге дейін;

жұмыс күнінің аяқталуы – 17.00.

4. Бас бухгалтер А. Б. Қадырова баланы тамақтандыруға арналған үзілістер үшін О. К. Григорьеваға Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 82-бабының 5-тармағына сәйкес орташа жалақы мөлшерінде төлем жүргізсін.

Негіз: сапаны бақылау бөлімінің бастығы О. К. Григорьеваның баланы тамақтандыруға арналған қосымша үзіліс беру туралы 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 45 өтініші.

**Бас директор**

*Абдиев*

**И. Абдиев**

Бұйрықпен таныстым:

Бас бухгалтер

*А. Қадырова*

А. Қадырова

22.01.2021

Сапаны бақылау бөлімінің  
бастығы

*О. Григорьева*

О. Григорьева

22.01.2021





**ПРИКАЗ О ПРЕДОСТАВЛЕНИИ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ПЕРЕРЫВОВ  
ДЛЯ КОРМЛЕНИЯ РЕБЁНКА**

«Лотос»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігі



Товарищество  
с ограниченной  
ответственностью  
«Лотос»

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

22 января 2021 года  
Алматы қаласы

№ 11-К  
город Алматы

**О предоставлении дополнительных перерывов  
для кормления ребёнка**

В соответствии с пунктами 3 и 4 статьи 82 Трудового кодекса Республики Казахстан, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Предоставить в период с 25 января 2021 года по 28 июля 2021 года начальнику отдела контроля качества Григорьевой Олесе Константиновне, как работающей матери, воспитывающей ребёнка в возрасте до полутора лет, в течение рабочего дня два дополнительных перерыва для кормления ребёнка продолжительностью 30 минут каждый.

2. Перенести установленные перерывы для кормления ребёнка в суммированном виде на конец рабочего дня с соответствующим его сокращением.

3. Установить Григорьевой О. К. на период с 25 января 2021 года по 28 июля 2021 года следующий график работы:

- пятидневная рабочая неделя;
- два выходных дня (суббота, воскресенье);
- режим работы:

начало рабочего дня – 9.00;

обеденный перерыв – с 13.00 до 14.00;

окончание рабочего дня – 17.00.

4. Главному бухгалтеру Кадыровой А. М. производить оплату перерывов для кормления ребёнка Григорьевой О. К. в размере средней заработной платы согласно пункту 5 статьи 82 Трудового кодекса Республики Казахстан.

Основание: заявление начальника отдела контроля качества Григорьевой О. К. о предоставлении дополнительных перерывов для кормления ребёнка от 22.01.2021, рег. № 45.

**Генеральный директор**

*Абдиев*

**И. Абдиев**

С приказом ознакомлен (-ы):

Главный бухгалтер

*А. Кадырова*

А. Кадырова

22.01.2021

Начальник отдела контроля  
качества

*О. Григорьева*

О. Григорьева

22.01.2021



Келесі нөмірден  
оқитындарыңыз:

- ▶ Жеке тұлғалар құжаттарының архивтік тізімдемесін қалай жасау керек
- ▶ Үміткерлерге құнды ұсыныс: компанияның арманы екеніңізді қалай көрсетуге болады
- ▶ Жанжалға HR-дың араласуы керек болғанда. Қызметкерлер арасындағы сегіз даулы жағдай және оларды шешу әдістері

Шартты белгілер



ЖАҒДАЯТ



ҰСЫНАМЫЗ



СӨЗДІК



ҚАТЕ



МЫСАЛ



ЗАҢНАН ДӘЙЕКСӨЗ



ТҮЙІНДЕМЕ



СҰРАҚ



ЕСКЕРЕ ЖҮРІҢІЗ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

## ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

### И. Куцеба

Кадр бөліміндегі «тазалау»: ескіріп қалған құжаттардан қалай құтылу керек ..... 8

### Н. Григорьева

Іскерлік қағаздарды жіктеу: компанияның іс қағаздарын жүргізуінде міндеттерді жедел шешу үшін ыңғайлы құралды қалай әзірлеуге болады ..... 14

## АРХИВ ІСІ

### А. Адельгужин

Жеке тұлғалардың қандай құжаттары алтынға тең? Оларды қалай бағалау, жүйелеу және мемлекеттік архивке барлық қағидалар бойынша қалай тапсыру керек? ..... 21

## АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

### Н. Артонкина

«Ақылды» кестелер: MS Excel көмегімен деректер базасын қалай жасауға болады ..... 31

## КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

### А. Тыналин

«Басшыға ұжымдық шағым жазамыз» кейсі ..... 36

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРАКТИКУМ

### А. Верещагина

Өзіңнің неге бейім екеніңді табудың 5 әдісі ..... 38

## КӘСІБИ СЕРГІТУ

### А. Верещагина

«Өмірлік ісіңіз» тесті ..... 41

## ЖАДЫНАМАЛАР ЖӘНЕ ШПАРГАЛКАЛАР

Монитордан үзіліс жасаңыз! ..... 44

## СҰРАҚ – ЖАУАП

### Ш. Әбдіғалиқызы

Штаттық кестені өзгерту туралы бұйрық қай санатқа жатады ..... 45

Бұйрықтар мен жұмыс берушінің басқа актілерін жасаған кезде жұмыскердің жеке деректерін қалай көрсету керек ..... 46

### И. Иванова

Еңбекақы қоры деген не, ол неден тұрады? ..... 49

Читайте  
в следующем номере:

- ▶ Как составить архивную  
опись документов  
личного происхождения
- ▶ Ценностное предложение  
кандидатам: как составить  
и показать, что вы  
компания мечты
- ▶ Когда HR должен  
вмешаться в конфликт.  
Восемь спорных ситуаций  
между сотрудниками и  
способы как их решить

Условные обозначения



СИТУАЦИЯ



РЕКОМЕНДУЕМ



СЛОВАРЬ



ОШИБКА



ПРИМЕР



ЦИТИРУЕМ ЗАКОН



РЕЗЮМЕ



ВОПРОС



НА ЗАМЕТКУ



ВНИМАНИЕ

## ПРАКТИКУМ ПО ДЕЛОПРОИЗВОДСТВУ

### И. Куцеба

«Генеральная уборка» в кадрах: как грамотно  
избавиться от устаревших документов ..... 52

### Н. Григорьева

Классификация деловых бумаг: как разработать  
удобный инструмент для оперативного решения  
задач в делопроизводстве компании ..... 58

## АРХИВНОЕ ДЕЛО

### А. Адельгужин

Какие документы личного происхождения  
на вес золота? Как оценить, систематизировать  
и сдать в госархив по всем правилам..... 65

## ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

### Н. Артонкина

«Умные» таблицы: как создать базу данных  
с помощью MS Excel ..... 75

## ШКОЛА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РОСТА

### А. Тыналин

Кейс «Составляем коллективную жалобу  
на руководителя» ..... 80

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ПРАКТИКУМ

### А. Верещагина

ТОП-5 способов как найти своё призвание ..... 82

## ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ РАЗМИНКА

### А. Верещагина

Тест «Дело вашей жизни» ..... 85

## ПАМЯТКИ И ШПАРГАЛКИ

Отвлечитесь от монитора!..... 88

## ВОПРОС – ОТВЕТ

### Ш. Әбдіғалиқызы

К какой категории относится приказ  
по изменению штатного расписания ..... 89

Как указывать личные данные работника  
при составлении приказов и других  
актов работодателя ..... 90

### И. Иванова

Что такое фонд оплаты труда, из чего он состоит? ..... 93





## ҚОЛДАНЫЛАТЫН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ҚЫСҚАРТУЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

**ҚРЕК** – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің *(2021.01.07 берілген өзгерістермен және толықтырулармен)*

**Сақтау мерзімдерін көрсетілген үлгілік құжаттар тізбесі** – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м. а. 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі *(2020.06.10 берілген өзгерістермен және толықтырулармен)*

**Құжаттама жасау қағидалары** – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидалары *(2020.30.11 берілген өзгерістермен және толықтырулармен)*

## НОРМАТИВНЫЕ ПРАВОВЫЕ АКТЫ



## СПИСОК СОКРАЩЕНИЙ, ИСПОЛЬЗУЕМЫХ НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ

**ТК РК** – Трудовой кодекс Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V *(с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2021)*

**Перечень типовых документов со сроком хранения** – Перечень типовых документов, образующихся в деятельности государственных и негосударственных организаций, с указанием срока хранения, утверждённый приказом и. о. Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 29 сентября 2017 года № 263 *(с изменениями по состоянию на 06.10.2020)*

**Правила документирования** – Правила документирования, управления документацией и использования систем электронного документооборота в государственных и негосударственных организациях, утверждённые постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 703 *(с изменениями и дополнениями от 30.11.2020)*

**И. Куцеба,**  
кадрларды басқару саласындағы маман,  
кәсіпорындарда іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастыру  
әдістемелерінің авторы, кадрлық аудит, құжаттарды архивтік  
сақтау және электрондық құжат айналымы жөніндегі сарапшы,  
Алматы қ.



# Кадр бөліміндегі «Тазалау»: ескіріп қалған құжаттардан қалай құтылу керек



Кез келген компанияда жинақталған құжаттаманың үлкен көлемін не істеу керектігін шешетін кез келеді. Жаңа мақалада маман жою рәсімі заңсыз деп танылмауы үшін және қажетті құжаттарды қайта қалпына келтірмеу үшін кадр бөліміндегі тазалауды кезең-кезеңімен қалай ұйымдастыруға болатынын түсіндіреді.



## Ескі құжаттар: алып жүру – ауыр, лақтырып тастауға обал

Үйіліп қалған құжаттама мәселесі көбінесе кадр бөліміне қатысты болады, өйткені дәл осы бөлімде ең көп құжат жиналады, соның ішінде маңызды әлеуметтік және құқықтық мәні бар құжаттар болады.

Жұмыстан шығып кеткен адамдардың іс жүргізуде аяқталған жеке істері, ескі лауазымдық нұсқаулықтар және басқа құжаттар жүйелендірілген және есепке алынбай, кеңседегі қораптарға салынып, түкпірдегі шкафтарға немесе қоймаға орналастыратын жағдай бәріңізге таныс деп ойлаймын. Бұл кадр бөлімінің қызметкерлері кейін осы құжаттармен өз жұмысын қиындатуға

алып келеді. Мысалы, егер бұрынғы жұмыскер өзінің еңбек қызметі туралы құжаттардың қуәландырылған көшірмелерін алу үшін жүгінген болса, кадр маманы қажетті ақпаратты табу үшін толып жатқан папканы ақтарып шығу керек. Менің тәжірибемде ұйымның «архиві» жеке құрамның бумалары мен есеп құжаттарын үйіп-төгіп тастайтын жүк тасымалдау контейнерінде жинаған жағдай болды. Әрине, белгілі бір жылдың құжаттарын немесе контейнердің түбінде жатқан құжаттарды табу мүмкін емес. Компания көшкен кезде бәрін тасымалдауға тура келеді, өйткені жинақталған «жүктің» қайсысы маңызды құжат, ал қайсысы тастайтын құжат екені түсініксіз. Міне, осы кезде бізге кадрдағы «тазалау» көмектеседі. Оның мақсаты – қажет емес құжаттардан арылу ғана емес, сонымен қатар құжаттарды дұрыс есепке алуды, жүйелеуді және сақтауды ұйымдастыру.

Сонымен, тазалауды бастайық. Ол бірнеше кезеңнен тұрады.

**1-кезең. Кадр қызметінде қандай құжаттар пайда болғанын анықтаймыз.** Барлық кадрлық құжаттарды жүйелеу керек, яғни туыстық қатынастар бойынша сұрыпталуы керек. Мысалы, **номиналды белгісі бойынша** – бір типтегі құжаттар (бұйрықтар, хаттамалар, актілер және т. б.). Немесе құжаттарды қалыптастыру кезінде **хронологиялық белгісін** қолданамыз – нақты уақыт параметрлері бойынша, мысалы, 2020 жылға арналған жұмыскерлерді аттестаттау туралы есептер. Құжаттарды жіктеу кезінде көбінесе бірнеше сипаттамалар әртүрлі үйлесімде қолданылады, бұл міндетті түрде құжаттарды сақтау мерзімдерін ескеретін **сараптамалық сипаттама**. Тұрақты және уақытша сақтау кезеңдерінің құжаттарын жеке файлдарға топтастырады. Құжаттардың барлығы қарастырылып, істерге топтастырылуы керек: кадр мамандары жасаған, басқа бөлімшелерден, жұмыскерлерден келіп түскен, оның ішінде тіркеу-есепке алу нысандары (журналдар, картотекалар, деректер базалары). Құжаттарды жіктеудегі басты көмекшіміз – Сақтау мерзімдері бар үлгілік құжаттар тізбесі. Онда кадр қызметінде пайда болатын істердің негізгі түрлері көрсетілген.

### Сақтау мерзімдері бар үлгілік құжаттар тізбесінен үзінді

Тармақ нөмірі	Құжат түрі (оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен қуәландырылған электрондық құжаттар)	Құжаттың сақталу мерзімі	Ескерту
1	2	3	4
<b>6. Еңбек қатынастары</b>			
<b>6.1. Еңбекті және қызметті ұйымдастыру</b>			
423	Ұжымдық шарттар, әлеуметтік әріптестік тараптары арасында жасалатын келісімдер	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
424	Ұжымдық шарттар жасасу барысы туралы хат алмасулар	3 жыл	Электрондық құжаттар*

1	2	3	4
431	Жұмыс уақытын есепке алу табелдері (кестелері), журналдары	5 жыл	Электрондық құжаттар* Ауыр, зиянды, қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыскерлер үшін – 75 жыл
<b>7.2. Жұмыскерлерді қабылдау, ауыстыру және босату</b>			
483	Жұмыскерлердің дербес деректері туралы құқықтық актілер (ережелер, нұсқаулықтар)	Тұрақты	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар
484	Еңбек шарттары, келісім-шарттар	75 жыл	Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және олармен бірдей электрондық құжаттар

**2-кезең. Істер номенклатурасын құрамыз және бекітеміз.** Барлық құжаттар жіктелгеннен кейін, түрлері бойынша реттелгеннен кейін, істер номенклатурасын құрып, бекітетін кез келді. Бұл «тазалаудың» міндетті кезеңі.

**Істер номенклатурасы** – ұйымдағы іс қағаздарының негізгі құжаты. Кадр қызметі ісінің тізімі (номенклатурасы) бүкіл ұйым номенклатурасының бөлігі болып табылады. Егер сіздің компанияңызда әлі бекітілген жалпы номенклатура жоқ болса, өз бөлімшеңізге арналған номенклатура бөлімін әзірлеп бастаңыз. **Біріншіден**, бұл бөлімнің құжат айналымын айтарлықтай оңтайландырады, **екіншіден**, бұл құжаттарды дұрыс сақтауға ғана емес, сонымен қатар мерзімі өткендерді дұрыс жоюға мүмкіндік береді, өйткені номенклатура:

1. Орындалған құжаттарды істерге орынды бөлу және топтау үшін жіктеу сызбасы ретінде қолданылады. Іс номенклатурасынан істің тақырыптары іс мұқабаларына ауыстырылады.

2. Құжаттарды сақтау мерзімдерін анықтайды.

3. Істерді архивке тапсыру кезінде есептік құжат ретінде іс тізімдемелерін құруға негіз болады.

Сонымен қатар номенклатура нысанын ойлап табудың қажеті жоқ, оны Құжаттама жасау қағидалары белгілейді. Номенклатураның мазмұны бес бағаннан тұрады (Құжаттама жасау қағидаларының 26-қосымшасы).

**3-кезең. Номенклатураның тақырыптарын іс құжаттарының нақты құрамымен тексереміз.** Істер номенклатурасы бар ұйымдар екінші кезеңді өткізіп, бірден үшіншіге ауысады – номенклатура тақырыптарын іс құжаттарының нақты құрамымен, олардың мазмұнымен және істердің қалыптасуымен салыстырады. Жеке құрам бойынша құжаттарды дұрыс қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет, өйткені жұмыс беруші жұмыскерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттардың және оларды зейнетақымен қамсыздандыруға және міндетті әлеуметтік сақтандыруға арналған ақшаны ұстап қалу мен аудару туралы мәліметтердің сақталуын және мемлекеттік архивке тапсырылуын қамтамасыз етуге міндетті (ҚР ЕК 23-бабы 2-тармағының 17) тармақшасы). **Яғни, бұл ұйым таратылған кезде**

жұмыс беруші мемлекеттік архивке тапсыруы керек құжаттар. Мұндай құжаттарға: жеке құрам бойынша бұйрықтар (жұмысқа қабылдау, босату, ауыстыру), жалақыны есептеу бойынша құжаттар, жұмыскерлердің тізімдері және міндетті зейнетақы жарналарын аудару бойынша төлем тапсырмалары, жеке карточкалар (Т-2 нысаны), жеке істер, жазатайым оқиғалар актілері жатады.

**Жеке құрам бойынша құжаттарды қалыптастырудың кейбір ерекшеліктері бар:**

1. Негізгі қызмет, жеке құрам және әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша бұйрықтарды (өкімдерді) жеке істерге қалыптастырады, өйткені олардың сақтау мерзімі әртүрлі болады.

2. Хаттамаларды істе хронологиялық тәртіпте нөмірлері бойынша оларға қоса берілген құжаттармен бірге орналастырады.

3. Жалақы бойынша жеке шоттарды жеке істерге қалыптастырып, жұмыскерлердің аты-жөндерін алфавиттік тәртіпте орналастырады.

4. Еңбек шарттарын жеке істер құрамында немесе жұмыскерлердің аты-жөндерінің алфавиттік тәртібінде бөлек құрылады.

5. Жеке істерге: жеке тұлғалардың тізімдері мен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының аударылғандығын растайтын құжаттардың, жеке тұлғалардың тізімдері мен әлеуметтік аударымдардың аударылғандығын растайтын құжаттардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналардың аударылғандығын растайтын құжаттарды қалыптастырады.

6. Көлемі бойынша тұрақты немесе ұзақ сақталатын істер 180 парақтан аспауы керек.

**4-кезең. Істерді сақтау мерзімдерін ескере отырып, ресімдейміз.** Сонымен, Істер реттеліп, қалыптастырылған соң, келесі кезеңге көшеміз – **сақтау мерзімдерін ескеріп, істерді ресімдейміз:**

Құжаттарды сақтау мерзімдері	
Тұрақты, уақытша (10 жылдан астам), жеке құрам бойынша	Уақытша сақтау 10 жылға дейін қоса алғанда
Толық ресімдеу	Жартылай ресімдеу
<p>Кезеңдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Парақтарды нөмірлеу</li> <li>2. Ішкі тізімдемені жасау</li> <li>3. Куәландырушы парақты ресімдеу</li> <li>4. Құжаттарды істерге тігу</li> <li>5. Мұқабаны (титулды парақты) ресімдеу</li> </ol>	<p>Мыналарға рұқсат беріледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құжат тігілетін папкада сақтауға</li> <li>2. Нөмірлемеуге</li> <li>3. Куәландырушы жазбаларды жасамауға</li> </ol>

**5-кезең. Бұрын берілмеген құжаттарды архивке тапсырамыз.**

Істер ресімделді, енді: қай құжаттарды жоюға болады, ал қайсысын архивтік сақтауға тапсыру керек екендігін анықтайтын кез келді. Бұл кезең құжаттардың құндылығын тексергеннен кейін ғана мүмкін болады, оның барысында:

- 1) ұйымның архивіне тапсыру үшін тұрақты және уақытша (10 жылдан астам) сақтау мерзімдері бар істерді іріктеу;
- 2) кадрлар қызметінде сақтауға жататын уақытша сақтау мерзімдері бар істерді іріктеу;
- 3) сақтау мерзімі өткен өткен жылдардағы істерді жоюға бөлу.

Құжаттардың құндылығына сараптама жүргізуді тұрақты жұмыс істейтін Сараптама комиссиясы жүзеге асырады, ол **кемінде үш адам** көлемінде білікті жұмыскерлер қатарынан құрылады. Сараптау комиссиясының шешімдері хаттамаға жазылады және олар ұйым басшысы бекіткеннен кейін күшіне енеді. Құжаттардың құндылығына жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша біз рет-ретімен «қоқысты тазартуға» көшеміз. Қазіргі кезде бұл термин көп қолданылады, біздің жағдайда да қолдануға болады.

Сонымен, тұрақты, уақытша (10 жылдан астам) сақтау тізімдемелері және жеке құрам бойынша жеке-жеке жасалған тізімдемелерге сәйкес, іс жүргізуде аяқталған барлық істерді архивте сақтауға өткіземіз. Тізімдеме нысаны да заңнамалық деңгейде белгіленген және Құжаттама жасау қағидаларында бекітілген. Бөлімшенің істер тізілімінің сипаттама бөлігі келесі бөлімдерден тұрады:

№ р/с	Істің индексі	Істің (томның, бөлімнің) тақырыбы	Соңғы күндері томның, бөлімнің)	Істің (томның, бөлімнің) сақталу мерзімі	Істегі (томдағы, бөлімдегі) парақтар саны	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7
1	05-07	Жеке құрам бойынша бұйрықтар (№ 1 – № 84)	03.01.2020 30.07.2020	75 жыл	155	
2	05-07	Бұл да сондай, 2-том (№ 85 – № 156)	03.08.2020 31.12.2020	75 жыл	150	

Істер тізімдемесін екі данада жасайды, оның біреуі істермен бірге архивтік сақтауға беріледі, ал екіншісі бақылау тізімдемесі ретінде кадр қызметінде қалады.

**6-кезең. Нені жоюға болатынын анықтаймыз.** Ал енді, «тазалаудың» соңғы кезеңінде сақтау мерзімі өткен құжаттарды жоюды жүзеге асырамыз. Жою құжаттар мен істерді жоюға бөлу туралы акт негізінде ғана мүмкін болады. Бұл құжаттардың құндылығын сараптау және жоюға арналған істерді тиісті іріктеу нәтижелері бойынша қалыптастырылатын құжат. Жалпы алғанда, бұл – олардың санын көрсете отырып, жойылатын құжаттар түрлерінің тізімі.



*Сақтау мерзімі құжаттардың құндылығына сараптама жүргізілетін жылдың 1 қаңтарында аяқталған істер мен құжаттарды ғана жоюға болады.*

Сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актіге Сараптау комиссиясының мүшелері қол қояды, оны ұйым басшысы бекітеді. Содан кейін істер мен құжаттарды жоюға болады. Әрине, құжаттарды қоқыс контейнерлеріне тастау, макулатураға айналдыру немесе оларды шимай қағаз ретінде қолдануға жол берілмейді. Құжаттар нақты жойылу керек. Егер құжаттардың көлемі үлкен болса, онда қағаз құжаттарды кәсіби түрде жойып тастайтын мамандандырылған компаниялардың қызметіне жүгінген дұрыс.

Жойылғаннан кейін тиісті акт жасау керек, ол ұйымда сақталады, қажет болған жағдайда оны ықтимал жанжалды жағдайларды реттеу кезінде дәлел ретінде пайдалануға болады.

*Қорытындылай келе, қандай қадамдар жасау керектігін қысқаша еске түсірейік:*

*1. Барлық кадрлық құжаттарды туыстық белгілеріне байланысты сұрыптаңыз (бұйрықтар, хаттамалар, актілер және т. б.).*

*2. Егер жоқ болса, істер номенклатурасын жасаңыз және бекітіңіз. Ол құжаттарды реттеуге, сақтау мерзімін анықтауға және жеке нөмірлерін белгілеуге көмектеседі.*

*3. Номенклатураның тақырыптарын істегі құжаттардың нақты құрамымен сәйкестендіріп, тексеріңіз.*

*4. Сақтау мерзімдерін ескере отырып, істерді ресімдеңіз.*

*5. Құндылық сараптамасынан өткен және сақтау мерзімі өткен құжаттарды жойыңыз. Мұны өзіңіз жасаңыз немесе қоқыс шығаратын компанияға жүгініңіз.*

**Н. Григорьева,**  
тәуелсіз HR-маман,  
Алматы қ.



# Іскерлік қағаздарды жіктеу: компанияның іс қағаздарын жүргізуінде міндеттерді жедел шешу үшін ыңғайлы құралды қалай әзірлеуге болады



Құжаттармен жұмыс істеу көп уақытты алады, бірақ құжаттар жоғалып кетпейтіндей, өзіндік мәртебеге ие болатындай және тиесілі қолға түсетіндей етіп жасауға болады. Іс қағаздарымен жұмыс жасаудың жалпы стандарттарын жасау үшін оларды дұрыс жіктеу қажет. Алдағы уақытта іскерлік құжаттар осы бір рет заңдастырылған қағидаттарға сәйкес жасалады және ресімделеді. Бұл сонымен бірге құжаттармен жұмыс істеу нысандарын, әдістерін және тәсілдерін анықтауға көмектеседі.



## **Жіктеу келесі мақсаттарда жүзеге асырылады:**

- басқару аппараты тез және тиімді жұмыс істеуі үшін. Ол үшін ұйым бөлімдерінің жұмыс бағыттары мен орындаушы жұмыскерлердің міндеттері белгіленеді;
- еңбек шығындарын азайту үшін жіктелген құжаттар каталогын қолдану үшін.

## **Жіктеудің пайдасы:**

- іс қағаздарын жүргізудегі мәселелерді шешкен кезде қажетті құжатты өте тез табуға болады;
- маман олардың мәртебесі мен маңыздылығын түсінген кезде іскерлік қағаздармен жұмыс істеу әлдеқайда жеңіл болады.





**Іс қағаздарын жіктеу** – бұл құжаттардың жалпы ауқымын олардың арасындағы кейбір ұқсастықтар мен айырмашылықтарға негізделген сыныптарға бөлу.

## Жіктеу кезеңдері мен түрлері

**Жіктеудің бірінші кезеңі – істерді қалыптастыру.** Іс дегеніміз – стандарттарға сәйкес қол қойылған, мұқабасы қатты, бір тақырып бойынша топтастырылған құжаттар жиынтығы.

### Жіктеу түрлері:

**Компания істерінің жиынтық номенклатурасы** – жіктеуіштің қарапайым және қолжетімді түрі. Ол істерді мына санаттар бойынша бөледі:

- істер түрлері;
- сақтау мерзімдері;
- құжаттарды шығарған бөлімдер;
- жұмыс бағыттары.

<b>Түрлері бойынша</b>	• бұйрықтар, хаттамалар, қызметтік хаттар, актілер, шарттар және т. б.
<b>Нысаны бойынша</b>	• трафареттік, үлгілік, жеке іскерлік қағаздар
<b>Мазмұнының түрі бойынша</b>	• күрделі (екі немесе одан да көп сұрақтарды біріктіреді) және қарапайым (бір мәселеге арналған)
<b>Шығу тегі бойынша</b>	• заңды және жеке тұлғалардың жеке, ресми өтініштері
<b>Жасалған орны бойынша</b>	• ішкі (сол компанияда құрастырылған) және сыртқы (басқа фирмаларда құрастырылған)
<b>Сақтау ұзақтығы бойынша</b>	• уақытша (10 жылға дейін), ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) және тұрақты сақталатын
<b>Құпиялылық дәрежесі бойынша</b>	• шектеулі қолжетімділікпен, құпия, өте құпия, ерекше маңызды
<b>Тасымалдаушы түрі бойынша</b>	• бейнебаян және фото, кино, аудио, графика, машинкада немесе принтерде басылған электрондық іскерлік қағаздар, электрондық, қолмен жазылған
<b>Әзірлеу дәрежесінің өлшемшарты бойынша</b>	• үзінді көшірме, көшірмелер, черновики, түпнұсқалар
<b>Жеделдігі бойынша</b>	• мерзімді және мерзімсіз

Белгілі бір жүйенің немесе қызмет саласының ұйымдарына бөлуді де қолданатын **істердің типтік номенклатуралары**.

Жіктеу барысында іскерлік құжаттың мазмұны үлкен рөл атқарады.

Іс қағаздарын жүргізушілер әдетте құжаттарды тіркеуден кейін дереу жіктейді, мысалы, кіріс іскерлік қағаздары келесі өлшемшарттары бойынша бөлінеді:

- лауазымды адамдар;
- компания бөлімдері;
- корреспонденттер;
- құжаттар тақырыбы бойынша.

### Компанияның жіктеуішін қалай жасауға болады

Өзінің жіктеуішін әзірлеген кезде компаниялар иерархия әдісін жиі қолданады, мұнда алдымен топ-менеджерлер тізімі, содан кейін бөлім басшыларының тізімі және т. с. с. көрсетіледі.

Әдетте компаниялар жіктеуіштерде цифрлық код жүйесін пайдаланады, бірақ кейде әріптерді қолдана отырып, кодтайды (мысалы, шенеуніктің инициалдары негізге алынады). Алайда, егер компанияның топ-менеджері ауысқан болса, әріптік кодтарды өзгерту керек.

Компанияда жасалған және қолданылатын жіктеуішін жұмыс берушінің кез келген басқа актісі сияқты компания директоры бекітіп, қолданысқа енгізуі керек. Егер жіктеуіште бірдеңе өзгерту керек болса, түсініктемелер мен толықтырулар директордың бұйрығымен енгізіледі.

Жіктеуіштің тағы бір маңызды функциясы – **оған құжаттарды біріздендіру жұмыстарын жүргізу кезінде сүйенеді**.

Компаниялардағы құжаттама жалпы ережелерге сәйкес жүргізілуі үшін құжаттама жүйелері қажет. Бұл жүйелер өз кезегінде ішкі жүйелерге, іскерлік қағаздардың түрлеріне бөлінеді.

Мысалы, **құжаттағы ақпарат түріне негізделген жіктеуіш келесі белгілерді қамтиды:**

- ақпаратты жазу тәсілі;
- ақпараттың таралу дәрежесі;
- мазмұнды жазу үшін қолданылатын белгілерді қабылдау арнасы;
- ақпарат адамның қабылдауы үшін қаншалықты ыңғайлы;
- мәліметтер қандай белгілермен жазылған;
- ақпаратты жалпылау деңгейі;
- тақырыпты және іскерлік құжаттың мәнін көрсету және т. б.

### Іскерлік қағаздарды мазмұны бойынша жіктеу

Жіктеудің түрлерін егжей-тегжейлі қарастырайық. Бұл іскерлік құжаттардың ағымын анықтауға көмектеседі.

Құжаттың тақырыбы мен мәніне негізделген жіктеуіштерді **семантикалық** деп атайды. Олар құжаттардың бағыттылығын проблемалар, мәндер, тақырыптар немесе білім салалары бойынша көрсететін түрлері мен кіші түрлерін қамтиды.

Іс қағаздарын жүргізу тәжірибесінде мазмұны бойынша жіктеу кестелері, жіктеуіштер, рубрикаторлар және т. б. қолдану арқылы бөледі. Тақырыбы, мәні және негізгі мәні әдетте **лексемалармен** анықталады (дескрипторлар немесе кілт сөздер, оларды жіктеуіш құру үшін де бөлек қолдануға болады). Құжаттың тақырыбы мен мәніне сәйкес жіктеу құжат-байланыс саласының сегменттерінде және коммуникация саласында тиімді, сондықтан ол жерде жиі қолданылады, бұл жүйе жақсы «тексерілген».

#### **Семантикалық жіктеудің әртүрлі нұсқалары бар:**

КБЖ – Кітапхана – библиографиялық (бес нұсқа);

ӘОЖ – Әмбебап ондық;

ДОЖ – ДЫЮИ ондық;

Баспаға арналған әдебиеттердің бірыңғай жіктеуіші және т. б.

Сондай-ақ, құжаттың әр түріне арналған семантикалық жіктеуіштер бар, мысалы, Халықаралық өнертабыстар жіктеуіші. Көптеген ақпараттық іздеу жүйелері соларға негізделген.

## Ақпаратты жалпылау деңгейі бойынша іс қағаздарын жіктеу

Бұл өлшемшарт бойынша іскерлік қағаздарды **бастапқы** және **екінші деңгейдегі** деп бөлуге болады.

**Бастапқы құжатта** әзірлемелердің, зерттеулердің және т. б. нәтижелері мен қорытындыларын сипаттайтын мәліметтер баяндалады. Осы іскерлік қағазда шығармашылық, басқарушылық, өндірістік, ғылыми және басқа жұмыстардың (әдеби-көркем, жарнамалық, анықтамалық, білім беру, ғылыми, ресми және т. б.) нәтижелері беріледі. Оның мақсаты – қоғамды алғашқы мәліметтермен қамтамасыз ету.

**Екінші деңгейдегі іскерлік қағаз** – бұл бірнеше немесе тек бір бастапқы құжатты өңдеу, талдау және синтездеу нәтижесі. Екінші деңгейдегі құжатта оларды талдау нәтижелері болып табылатын (шолу, рефераттық, библиографиялық) бастапқы іскерлік құжаттар туралы ақпаратты қамтиды.

**Мұндай құжаттың мақсаты** – көпшілікке қайта өңделген екінші деңгейдегі ақпаратты беру.

## Ақпаратты бекітудің белгі құралдарының табиғаты бойынша жіктеу

Іскерлік қағаз ондағы мәліметтерді қандай да бір белгілердің берілуімен ерекшеленеді. Белгі құралдарының сипаты бойынша жіктеуде **мәтіндік** және **мәтіндік емес құжаттарға** бөлу бар.

**Мәтіндік құжат.** Онда басты белгі табиғи тілдің әрпі болып табылады. Мұндай іскерлік қағаздар **ауызша** немесе **сөзбен айтылатын** деп те аталады. **Ауызша** құжаттың жазбаша нысаны бар, яғни адамның сөздері әріптер мен сандарды қолдану арқылы жазылады. **Мәліметтерді сөзбен жеткізу** құжаттың мағынасын барынша дәл көрсетеді. Алайда мәтіндік құжат не жазбаша, не аудио форматта болуы мүмкін.

Мәтіндік құжаттың кең таралған түрі **жазбаша** болып табылады. Бұл мәні жазбаша түрде көрсетілетін әдеби іскерлік қағаз. Құжаттың басып шығарылған және қолмен жазылған форматтары бар (ескі құжаттар машинкада басылған болуы мүмкін).

Мәтіндік емес құжатта сөйлемейтін таңбаларды қолданады, мысалы – ноталарды. Бұл құжаттардың **иконалық, идеографиялық, дыбыстық және матрицалық түрлері**. Бұл вербалды емес немесе ауызша емес құжаттар.

**Иконикалық құжат** – мәні құжатта айтылған тақырыпқа ұқсас белгілермен көрсетіледі. Бұл фильмдер, фотосуреттер, эскиздер және т. с. с. Бұл жерге сонымен қатар фото, графика немесе кескіндеме құралдары арқылы берілетін изографиялық құжат жатады.

**Идеографиялық құжат** – оның мәні объектінің тікелей көрінісі болып табылмайтын белгімен көрсетіледі, бірақ сонымен бірге сөздермен де емес (сызбалар, жазбалар, карталар). Бұған картографиялық және музыкалық құжаттар жатады.

**Картографиялық құжатта** Жер беті және басқа планеталар туралы ақпарат көрсетіледі. Оны көрсету үшін арнайы белгілер жүйесі қолданылады.

**Ноталық құжат** – ноталық грамота арқылы музыкалық шығарманы бекіту.

**Дыбыстық құжат** – бұл белгілі бір дыбыстар жиынтығын жазу. Оны фоноқұжат немесе дыбыстық құжат деп те атайды.

**Матрицалық құжат** – бұл «матрица тіліндегі» мәліметтер жазбасы, яғни бұл машинамен өңделетін ұяшықтар-матрицалар көмегімен кодталған ақпарат (оптикалық және магниттік дискілер, перфокарталар).

Дыбыстық және матрицалық құжаттар техникалық кодталған деп аталады, өйткені оларды тек арнайы жабдықтың көмегімен «оқуға» болады.

**Кешенді құжатқа** әдетте құжаттардың екі немесе одан да көп түрлері кіреді (мысалы, грампластинкасы бар журнал немесе компакт-дискідегі кітап).

## Ақпаратты жазудың өлшемділігі бойынша жіктеу

Белгілі бір құжаттың материалдық тасымалдаушысы қанша орын алады – міне, өлшемділік деген сол. **Бір, екі және үш өлшемді құжаттар** бар.

Бір өлшемді құжат, әдетте, желілік форматта, Морзе коды арқылы, бір жолда жазылады.

Мөлшері (яғни форматы) және көлемі (қанша парақ) бар ең кең таралған **екі өлшемді** құжаттар.

**Үш өлшемді** құжаттарға голограммалар мен растрлық мөрлері бар тасымалдаушылар жатады, мысалы, күнтізбелер мен жыпылықтайтын суреттері бар постерлер.

## Мәліметтерді қабылдауға арналған мақсатына сәйкес жіктеу

Кез келген белгілерді қолдана отырып, құжатқа жазылған ақпаратты адамдар тікелей және жанама түрде қабылдайды.

Құжаттың мәнін қабылдау субъектілері адам немесе машина бола алады. Адам оқи алатын құжаттарды техникалық құралдардың көмегінсіз қабылдауға болады.

Машинада оқылатын құжаттардан мәліметтерді теледидар, дисплей, принтер және т. б. көрсетеді. Машинамен оқылатын құжаттар тасымалдаушының құрылымын өзгерту арқылы жазылады.

## Мәліметті қабылдау арнасы бойынша жіктеу

Адам құжаттардан мәліметті кез келген сезім мүшесімен қабылдай алады, бұл үшін көру, есту, ұстау қабілетін қолданады. Бұл жіктеуде құжаттар **визуалды, тактильді, еститін** және **дыбысбейнелі** болып бөлінеді.

Адам **визуалды құжатты** көзімен көреді (фотосуреттер, суреттер, графиктер, жазбаша файлдар).

**Тактильді құжатқа** қолмен ұстау арқылы қолжетімді (мысалы, зағиптарға Брайль шрифтімен жазылған кітаптар).

**Еститін құжаттар** құлақ арқылы қабылданады (музыкалық шығармасы бар CD, аудио форматтағы кітап).

**Дыбысбейнелі құжат** – адам көретін және еститін нәрсе (кинофильмдер, бейнебаяндары бар дискілер, «мультимедиа» технологиясы және т. с. с.).

## Таралу дәрежесі бойынша жіктеу

Бұл жіктеуіште бөлімдер **жарияланған, жарияланбаған және жарияланбайтын құжаттар үшін** деп аталуы мүмкін.

Кеңінен және бірнеше рет қолдануға тура келетін, таралымы және барлық мәліметтері бар құжат (газет, журнал немесе кітап болуы маңызды емес) **жарияланған құжат** болып табылатын құжат.

**Жарияланбаған құжат** қайта таратудың қажеті жоқ мәліметті қамтиды. Әдетте оның екі-үш дана ғана болады, мысалы, диплом, диссертация және т. б.)

Жарияланбайтын құжаттар деп басқару шешімдерін қабылдау үшін бір рет қолданылатын құжаттарды атайды (бұл бухгалтерия, ӘШБ, жоспарлау-экономикалық бөлімі және т. б. дайындайтын құжаттар).

## Құжаттама жасау бойынша жіктеу

Бұл әдіс электрондық, лазерлік, оптикалық, фотографиялық, магниттік, механикалық, баспа және қолжазба құжаттарын қамтиды.

**Қолмен жазылған құжаттың** мәні оның атауында – ол қолмен жазылды. Бірақ сонымен бірге мұндай құжатты жазуға ғана емес, оны салуға және сызуға болады.

**Басып шығарылған құжат** басып шығару әдістерінің бірімен жасалады: компьютерде басып шығару арқылы, көшірме және көбейту қондырғыларының, теру әдісінің, жедел басып шығарудың және т. с. с. көмегімен оларды баспалар мен типографиялар шығарады, бірақ оларды кәдімгі кеңседе компьютерді қолдана отырып, басып шығаруға болады.

Оның мәні басып шығарылған құжатта мәліметтер осы құжаттың бетіне бояумен жағылады. Бірақ басқа да нұсқалары бар: бедерлеу немесе Брайль қаріптерінің белгілерін сығып шығару арқылы қолдану. Қазіргі кезде басып шығарылған құжат ең кең таралған болып табылады.

**Механикалық құжат** механикалық әдісті қолдана отырып жазылады – мысалы, винил жазбалары – кескіштің көмегімен ойықтар жасалады. Бұған перфокарталар және т. б. жатады.

**Магниттік құжатқа** мәліметтер зат бетінің магниттік күйін өзгерту арқылы жазылады (мысалы, видео кассеталар мен дискеттер).

**Фотографиялық құжат** фототехниканы қолдану арқылы жасалады.

**Оптикалық құжат** оптикалық сәулеленудің магнит өрісінің фокустық сәулесінің көмегімен жасалады (мысалы, CD).

**Лазерлік құжат** лазермен жазылады және оқылады (мысалы, голограмма).

**Электрондық құжаттар** – бұл ДК жадындағы мәліметтар жиынтығы. Электрондық құжатты компьютер мониторында немесе смартфон экранында, сондай-ақ принтер көмегімен басып шығару арқылы көбейтуге болады.

### *Маңызды нәтижелер:*

*1. Жіктеу басқару аппараты тез және тиімді жұмыс істейтін етіп жүзеге асырылады. Ол үшін ұйым бөлімдерінің жұмыс салалары және атқарушы қызметкерлердің міндеттері бөлінеді.*

*2. Құжаттардың жіктелген каталогы еңбек шығындарын азайту үшін қолданылады.*

*3. Жіктеудің пайдасы – іздеген құжатты тез табуға болады.*

*4. Маман іскерлік құжаттардың мәртебесі мен маңыздылығын түсінген кезде, олармен жұмыс істеу әлдеқайда жеңіл болады.*

**А. Адельгужин,**  
құжаттама жасау, құжаттаманы  
басқару және құжаттарды архивтік  
сақтау жөніндегі сарапшы,  
Алматы қ.



# Жеке тұлғалардың қандай құжаттары алтынға тең? Оларды қалай бағалау, жүйелеу және мемлекеттік архивке барлық қағидалар бойынша қалай тапсыру керек?



Белгілі адамдардың тірі кезіндегі жеке құжаттары олардың меншігі болып табылады және тек адамды сәйкестендіру әдісі болып табылады. Кейін олар мемлекеттік архивтен музейге дейін барады, ол жерде бірегей экспонаттарға айналады. Бүгінде осындай құжаттармен жұмыс істеудің нақты схемасының арқасында бізде сирек кездесетін материалдар көп: мысалы, архив құжаттары, қолжазбалар, Абайдың фотосуреттері. Оның жеке заттары, жазбалары, бала кезінде оқыған оқулықтары, ересек кезінде оқыған кітаптары қазақтың ұлы ақынының өмірі туралы ғана емес, сонымен бірге дәуір атмосферасын жеткізеді.

Журналдың алдыңғы нөмірлерінде құжаттардың түпнұсқалығын сипаттау туралы айтқан болатынбыз, жаңа мақалада жеке тұлға құжаттарының құндылығы қандай, оларды қалай жүйелеу керек, мемлекеттік архивке қалай түсетіні туралы түсіндіреміз.



## Жеке тұлға құжаттарының құндылығы неде

Жеке тұлғалардың құжаттары – бұл жеке адамдардың қызметі барысында қалыптасқан құжаттар, бұл олардың меншігі. Жеке шыққан құжаттардың ерекшелігі қоғам өміріндегі оқиғалар, фактілер, құбылыстар нақты адамдардың – осы оқиғалардың қатысушылары немесе куәгерлерінің жеке қабылдауы арқылы көрінеді.

Жеке тұлғалар құжаттарының түрлері, нысандары және олардағы ақпаратты бекіту әдісі міндетті нормаларды реттемейді, сондықтан олардағы ақпарат ерікті түрде ұсынылады, олар атрибуцияның болмауымен немесе жеткіліксіздігімен (қолтаңбаның, күнінің, суреттегі аңдатпаның және т. б. болмауы), стандартты емес форматымен және басқа мүмкіндіктермен сипатталады.

## Жеке тұлғалардың құжаттары мемлекеттік архивке қалай түседі

Жеке тұлғалардың құжаттары **мемлекеттік архивке тек жеке тұлғалар тізіміне енгізілген азаматтардан** – қабылдау көздерінен, және жергілікті атқарушы органның (орталық мемлекеттік архивтің) **СТК шешімі негізінде ғана қабылданады.**

Қабылдауға жоспарланған құжаттар үшін жергілікті атқарушы орган (орталық мемлекеттік архив) қарайтын құжаттың тапсыру тізімдемесін жасайды (*1-қосымша*).

Мемлекеттік архивте құжаттарды қайтару актісі екі данада жасалады (*2-қосымша*). Бұл:

1) мемлекеттік архив қабылдауға тапсыру тізімдемесіне енгізілген құжаттардың бір бөлігін немесе барлығын қабылдау туралы мәселені СТК теріс шешкен жағдайда;

2) сараптама нәтижелері бойынша мемлекеттік архивте болған және архивтік тізімдемеге енгізілмеген жеке шығу тегі туралы істердің (құжаттардың) санынан олардың бөлігінің мәні қайтарылған кезде орын алады.

Актінің бір данасы архив қорының ісіне орналастырылады, екіншісі құжаттармен (олардың бір бөлігімен) бірге меншік иесіне немесе иеленушісіне қайтарылады.

Жергілікті атқарушы органның (орталық мемлекеттік архивтің) СТК архивтік тізімдемені бекіткеннен кейін ғана жеке тұлғалардың құжаттарын мемлекеттік архивке тұрақты сақтауға қабылдау актісі жасалады (*3-қосымша*). Осы актінің негізінде құжаттарды қабылдау туралы мәліметтер құжаттардың келіп түскенін есепке алу кітабына және архив қорының парағына енгізіледі.

## Жеке тұлғалардың құжаттары: құндылық өлшемшарттарын белгілейміз

Жеке тұлғалар құжаттарының құндылығын сараптауға арналған нормативтік құқықтық база жоқ.

Осы санаттағы құжаттардың құндылығын зерттеудің ғылыми-әдістемелік негіздемесі **оларды бағалаудың өлшемшарттар жүйесі** болып табылады.

Құндылықтың өлшемшарттары екі негізгі топқа бөлінеді:

- 1) жеке тұлғалардың архив қорларының құндылық өлшемшарттары;
- 2) жеке тұлғалар құжаттарының өлшемшарттары.

**Жеке тұлғалардың архив қорларының құндылық өлшемшарттарына мыналар жатады:**

- 1) қор жасаушының кәсіби, шығармашылық және қоғамдық қызметінің маңыздылығы;



- 2) архив қорының тарихы және оның құрамы;
- 3) архив қорының басқа құжаттар жиынтығымен байланысы.

Қор жасаушының кәсіби, шығармашылық және қоғамдық қызметінің мәні **факторларға байланысты анықталады:**

1) қор жасаушының қызметін мемлекеттік тану (сыйлықтар, құрметті атақтар беру, ордендер мен медальдармен марапаттау, биліктің өкілетті органдарына қатысу және т. б.);

2) қор жасаушының шығармашылығын әдебиеттану, өнертану арқылы (энциклопедияларда, монографияларда, республикалық, облыстық, қалалық республикалық маңызы бар, астаналық баспа көздерінде) бағалау;

3) қор жасаушының қоғамдық талассыз оң имиджі.

**Архив қорының тарихы мен оның құрамын сипаттайтын өлшем-шарттар:**

- 1) архив қорының сақталу дәрежесі мен толықтығы;
- 2) қор құрушы жинаған құжаттардың болуы;
- 3) құжат мазмұнының маңыздылығы, оның ақпараттық, идеялық, көркемдік, ғылыми құндылығы;
- 4) құжаттың сыртқы белгілері (автографиялылығы, физикалық сақтау дәрежесі);
- 5) басқа құжаттармен қарым-қатынас.

Барлық өлшемшарттар жиынтықта қолданылуы керек, ал өлке тарихында қор жасаушының рөлі және оның құжаттарының құрамы шешуші болып табылады.

## Жеке тұлғалардың құжаттарын сипаттаудың негізгі кезеңдері

Архив құжаттарының сипаттамасы үш деңгейде жүзеге асырылады: **архив қоры, сақтау бірлігі/есепке алу бірлігі, архив құжаты.**

**Жеке тұлғалардың құжаттарын сипаттау келесі негізгі кезеңдерді қамтиды:**

- 1) қор жасаушының өмірі мен жұмысының тарихымен танысу;
- 2) архив қорын жүйелеу схемасын құру;
- 3) құжаттарды топтарға жүйелеу;
- 4) сақтау бірліктерін қалыптастыру;
- 5) парақты сақтау бірлігінде жүйелеу;
- 6) сақтау бірлігі шегінде парақтарды нөмірлеу, іс құжаттарының ішкі парағын және қуәландыру парағын жасау;
- 7) сақтау бірлігіне тақырып жасау және мұқабаны безендіру;
- 8) тізімдемеге арналған анықтамалық аппарат құру (алғы сөз, титулдық парақ, көрсеткіштер).

**Қор жасаушының өмірі мен жұмысының тарихымен танысу мыналарды белгілеуден басталады:**

- 1) оның өмірінің даталарын, қызметінің түрін;
- 2) қор құрушымен туыстық және іскерлік байланыстармен байланысты адамдар шеңберін, ол жұмыс істеген ұйымдарды, оның әлеуметтік қызметін;
- 3) құжаттардың соңғы мерзімдерін, олардың толықтығын және физикалық жағдайын.

## Жеке тұлғалардың құжаттарын қалай ұйымдастыруға болады: сызба құрастырамыз

Құжаттар алдын ала зерттеледі, содан кейін оларды жүйелеу схемасын жасайды. Архивтік қорды ұйымдастырудың бірыңғай схемасы бойынша жеке тұлғалардың құжаттарын жүйелеу мүмкін емес. Оны таңдау **қор құрушының қызмет түріне, құжаттардың құрамы мен мазмұнына** байланысты.

Мемлекет қайраткерлері мен экономика мамандарының архив қорларында бірінші орынға олардың қызметтік немесе өндірістік қызметі туралы құжаттар тұрады. Жазушылардың, ақындардың, суретшілердің және т. б. архив қорларының негізгі бөлігі олардың шығармашылық қызметіне қатысты құжаттардан құралады.

Отбасылық архив қорының құжаттары алдымен – жекелеген азаматтарға сәйкес, ал, өз кезегінде, әр адамның құжаттары жүйелеу схемасының бөлімдері бойынша жүйеленеді.



МЫСАЛ

Мемлекеттік архивтер жұмысының тәжірибесінде істерді (құжаттарды) түгендеу кезінде жеке тұлғалардың құжаттарын жүйелеу үшін үлгі схема құрылды. Оған мыналар кіреді:

- 1) өмірбаяндық құжаттар;
- 2) шығармашылық немесе ресми қызметтің құжаттары;
- 3) қоғамдық қызмет құжаттары;
- 4) хат-хабар;
- 5) қор жасаушы өз жұмысы үшін және оны қызықтыратын тақырыптар бойынша жиналған құжаттар;
- 6) қор құрушы туралы құжаттар;
- 7) отбасы мүшелерінің және басқа адамдардың құжаттары;
- 8) бейнелеу құжаттар, фото -, фоно -, бейнеқұжаттар;
- 9) қор жасаушы жинаған коллекциялар.

## Топтар бойынша құжаттарды жүйелеу

### Өмірбаяндық құжаттарға:

- 1) жеке тұлғалардың құжаттары (туу, неке, қайтыс болу, білім туралы куәліктер);
- 2) тағайындау және мансаптық жоғарылату туралы құжаттар;
- 3) ғылыми дәреже беру туралы, медальдарға куәліктер, орден кітапшаларын беру туралы құжаттар;
- 4) өмірбаяндар, жеке істер, қор жасаушылардың басқа адамдар жазған өмірбаяны;
- 5) мерейтойлық құжаттар (құттықтау хаттар, жеделхаттар, құттықтаулар, мекенжайлар, альбомдар, қабырға газеттері) кіреді.

**Шығармашылық қызметтің құжаттарына:**

- 1) жазушыларда, ақындарда, журналистерде – қор құрушының әдеби туындылары;
- 2) суретшілерде – шығармаларының эскиздері, суреттері, нұсқалары, көшірмелері және т. б.;
- 3) композиторларда – музыкалық шығармалар (музыкалық қолжазбалар, шығармалар тізімі, жарияланған шығармалар каталогтары);
- 4) ғылыми жұмыскерлерде – диссертациялар, монографиялар, ғылыми мақалалар, олар туралы шолулар, дәрістердің мәтіндері, сөйлеген сөздері кіреді.

**Қызмет құжаттарына** баяндамалар, қызмет бабы бойынша сөз сөйлеуі, қор құрушы дайындаған аналитикалық құжаттар, қызметтік мінездемелер жатады. Депутат ретінде арнайы толымдау көздерінің тізіміне енгізілген өкілетті органдардың депутаттары үшін **қызметтік құжаттарға мыналар жатады:**

- 1) депутаттық қызмет туралы есептер;
- 2) сайлаушылармен кездесу хаттамасы;
- 3) сайлауалды бағдарламасы және өмірбаяны бар плакаттар;
- 4) депутаттық хат алмасу;
- 5) депутаттық куәлік.

**Қоғамдық қызмет құжаттарына** депутаттық, кәсіподақ, партиялық қызмет, басқа қоғамдық бірлестіктердегі іс-шаралар туралы құжаттар (съездердегі, конференциялардағы, жиналыстардағы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы, сайлаушылармен кездесулердегі сөйлеген сөздер, баяндамалар) жатады.

**Хат алмасуға** қор жасаушының және оған, сондай-ақ оның отбасы мүшелеріне жолдаған хаттары, ашық хаттары, жеделхаттары кіреді (жеке хат алмасу). Қор құрушының қызметтік немесе қоғамдық міндеттерін орындаумен байланысты хат алмасу, сәйкесінше, қызметтік немесе қоғамдық қызмет құжаттарына жатады.

**Қор құрушы жинаған құжаттарға** ғылыми еңбектері, баяндамалары, дәрістері, өзінің ғылыми еңбектері үшін немесе өзін қызықтыратын тақырыптар бойынша жинақтаған әртүрлі авторлардың мақалалары кіреді. Оларды мемлекеттік архивке **оның негізгі қызметі туралы басқа құжаттарды айтарлықтай толықтырған жағдайда** ғана қабылдау қажет.

**Қор жасаушы туралы құжаттарға** қор жасаушы туралы естеліктер, оның шығармаларына жазылған пікірлер, оның көрмелері туралы пікір кітаптары (суретшілер үшін), оған арналған өлеңдер, некрологтар, оның естелігін мәңгі қалдыру туралы құжаттар, оны еске алу кештерінің бейнежазбалары жатады.

**Отбасы мүшелерінің** және басқа адамдардың **құжаттарына** қолжазбалар, хаттар және туыстарының, достарының, әріптестерінің және басқалардың құжаттары жатады, олар мазмұны бойынша қор жасаушының негізгі құжаттарын толықтырады.

**Бейнелеу құжаттары, фото -, фоно -, бейнеқұжаттар** – ол, әдетте:

- 1) фотосуреттер позитиві, қор жасаушының және оның отбасы мүшелерінің, туыстарының, достарының салынған портреттері;
- 2) фотосуреттері бар альбомдар, бейнежазбалар және қор жасаушының өмірінен, оның естеліктерінен және ол туралы оқиғалардан тұратын аудио-кассеталар;

- 3) жазушының, ақынның жарияланған шығармаларына арналған иллюстрациялар;
- 4) суретшінің жұмыстарынан сызбалар, эскиздер, репродукциялар.

## Мемлекеттік архив жеке тұлғалардың қай құжаттарына мүдделі

Қор құрушы жинаған топтама, егер ол тәуелсіз қызығушылық тудыратын болса немесе топтаманы қабылдау міндетті шарт болып табылса, мемлекеттік архивке қабылдануы мүмкін, осы шарт бойынша қор жасаушы мүдделі құжаттарды архивке өткізуге келіседі.

Жеке тұлғалардың архив қорының хронологиялық шекаралары **қор жасаушының туған және қайтыс болған күндері болып табылады**. Архив қорындағы топтаманың хронологиялық шекаралары **ең алғашқы және соңғы құжаттардың күндері** болып табылады.

Жеке тұлғалардың архив қорының құжаттарын соңғы мерзімдері қордың хронологиялық шекараларымен сәйкес келмеуі мүмкін:

- 1) қор құрушының өмірінің бастапқы немесе соңғы кезеңі туралы құжаттардың болмауына байланысты;
- 2) қор жасаушының қайтыс болуына байланысты жауаптар, оның туындылары қайтыс болғаннан кейін жарық көруіне, мерейтойлық іс-шараларды өткізуге және т. б. байланысты құжаттар есебінен.

Отбасылық қорлардың құжаттарын алдымен қор жасаушылар бойынша, әр қор жасаушының құжаттарын – жеке қорларды жүйелеу схемасының бөлімдері бойынша жүйелеу қажет.

Отбасылық қорларда бірінші кезекте негізгі қор жасаушының құжаттары, одан кейін туыстық дәрежесі бойынша отбасы мүшелерінің құжаттары (әйелі, балалары, ата-аналары және т. б.) тұрады.

Бұл қорлардағы қор жасаушылар туралы құжаттар көп болған жағдайда ғана бөлінеді. Егер құжаттар 30 сақтау бірлігінен аспаса, барлық құжаттар жеке персонаға бөлінбей, жалпы схема бойынша жүйеленеді.

Қор жасаушының өтініші бойынша мемлекеттік архив сақтауға қабылдай алады:

- 1) адамның өмірбаянына немесе қызметіне байланысты музей заттарын;
- 2) медальдарды, ордендерді, басқа белгілерді, суреттерді, әртүрлі кәдесыйларды және т. б.

Олар жеке тұлғалар құжаттарының архивтік тізімдемесіне енгізілмейді; музей заттары музей заттарының түбіртектерін тіркеу журналында және музей заттарын тіркеуге арналған түгендеу карточкасында тіркеледі (4 және 5 қосымшалар).

*Енді сіздің жеке тұлғалар құжаттарының және олармен байланысты барлық заттардың қымбат болуы мүмкін екенін ұмытпайтыныңызға сенімдіміз. Бұл міндетті түрде материалдық мұра емес. Олардан құтылмас бұрын, алдымен зерттеп, бағалап, жүйелеңіз. Қажет болса, мемлекеттік архивке өткізуге дайындалыңыз. Енді мұны қалай дұрыс жасау керектігін білесіз.*

1-қосымша

БЕКІТЕМІН  
Мемлекеттік архивтің директоры  
(мемлекеттік архивтің ресми атауы)  
\_\_\_\_\_ қолтаңбаның толық жазылуы  
(қолтаңба)

Күні

**Жеке тұлғалардың құжаттарын  
тапсыру тізімдемесінің нысаны**

\_\_\_\_\_ құжаттарды тапсыру тізімдемесі  
(Азаматтың – құжатты иеленушінің Т. А. Ә.)

№ р/с	Құжаттарды иеленуші қалыптастырған құжаттың тақырыбы немесе сақтау бірлігі	Құжаттың сақтау бірлігінің күні	Сақтау бірлігіндегі құжат саны	Ескертпе
1	2	3	4	5

Тізімдемеге енгізілген барлық құжат саны \_\_\_\_\_  
(цифрмен және жазумен)

оның ішінде:  
фотоқұжаттар саны \_\_\_\_\_  
(цифрмен және жазумен)

бейнеқұжаттар саны \_\_\_\_\_  
(цифрмен және жазумен)

Заттар саны (адамның өмірбаянына немесе қызметіне байланысты заттар: медальдар,  
ордендер, картиналар, баспалар, кәдесыйлар және т. б. \_\_\_\_\_

(заттардың атауы, олардың саны цифрмен немесе жазумен)

Құжаттарды қабылдаған  
адамның лауазым атауы \_\_\_\_\_ Қолтаңбаның толық жазылуы  
(қолтаңбасы)

Күні

Жергілікті атқарушы органның  
(орталық мемлекеттік архивтің) СТК-ның  
\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» №\_\_ хаттамасымен  
КЕЛІСІЛДІ

А4 форматы (210X297)

## Архив құжаттарын меншік иесіне қайтару актісінің нысаны

(мемлекеттік архивтің ресми атауы)

**Құжаттарды меншік иесіне қайтару**  
**№\_\_ АКТІ**  
**Күні**

Жергілікті атқарушы органның (орталық мемлекеттік архивтің) СТК шешімі негізінде  
(\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_ №\_\_ хаттама) №\_\_\_\_\_ (архив қорының атауы)  
архив қорының архивтік құжаттарын сипаттау нәтижесі бойынша меншік иесіне қайтару  
үшін төменде көрсетілген архив құжаттары белгіленді:

(құжаттардың қысқаша сипаттамасы және оларды меншік иесіне қайтару себептері  
баяндалады)

Барлығы: \_\_\_\_\_ құжаттардың \_\_\_\_\_ сақтау бірлігі (парақтар)

Жергілікті атқарушы  
органның басшысы  
(орталық мемлекеттік  
архивтің директоры) \_\_\_\_\_ Қолтаңбаның толық жазылуы  
(қолтаңбасы)

Құжаттарды алдым \_\_\_\_\_ Қолтаңбаның толық жазылуы  
(меншік иесінің қолтаңбасы)

Күні \_\_\_\_\_  
(меншік иесі қайтарылған құжаттарды алған күнін қояды)

A4 форматы (210X297)

**Жеке тұлғалардың құжаттарын мемлекеттік архивке  
тұрақты сақтауға қабылдау актісінің нысаны**

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік архивтің ресми атауы)

№ \_\_\_\_\_ АКТ

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғалардың құжаттарын сақтауға қабылдау (күні))

(Орталық мемлекеттік архивінің) жергілікті атқарушы органының СТК шешімінің  
(\_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама) және \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (меншік иесінің/иеленушінің тегі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шартының негізінде \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ құжаттар қабылданды.

(құжаттардың жалпы сипаттамасы)

\_\_\_\_\_ сақтау бірлігі \_\_\_\_\_ құжат  
(цифрмен және жазумен) (цифрмен және жазумен)

№ \_\_\_\_\_ архив тізімдемесі бойынша  
Архивтік қорға № \_\_\_\_\_ берілді.

\_\_\_\_\_ (меншік иесі/иеленуші лауазымының атауы, тегі, аты-жөні, қолтаңбасы)

\_\_\_\_\_ (архив жұмыскері лауазымының атауы, тегі, аты-жөні, қолтаңбасы)

Тізімдеме сипаттама нәтижесі бойынша есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізілді

\_\_\_\_\_ (өзгерістер енгізген тұлға (-лар) лауазымының атауы, тегі, аты-жөні, қолтаңбасы)

\_\_\_\_\_ (есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізілген күн)

**Меншік иесі/ иеленуші** \_\_\_\_\_ Қолтаңбаның толық жазылуы  
(керектісін сызу) (қолтаңбасы)

**Жергілікті атқарушы  
органның басшысы  
(орталық мемлекеттік  
архивтің директоры)** \_\_\_\_\_ Қолтаңбаның толық жазылуы  
(қолтаңбасы)

Нәтижелері бойынша есептік құжаттарға өзгерістер енгізілді.

\_\_\_\_\_ Қолтаңбаның толық жазылуы  
(жұмыскердің лауазым атауы) (қолтаңбасы)

А4 форматы (210 x 297)

**Музей заттарын есепке алуды түгендеу кітабының нысаны**

**МУЗЕЙ ЗАТТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ТҮГЕНДЕУ КІТАБЫ**

№ р/с	Жазылған күн	Келіп түскен заттардың дереккөзі және негізі	Заттың атауы мен қысқаша сипаттамасы	Материал	Көлемі	Сақталуы	Затты сақтау орны	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

4-қосымшаға ескертпе:

- 1) осы нысанның 3-бағанында меншік иесінің (иеленушінің) жеке құжаттарын мемлекеттік архивке тұрақты сақтауға қабылдау актісінің күні мен нөмірі жазылады;
- 2) 5-бағанда музей заты жасалған материал көрсетіледі;
- 3) 6-бағанда музей затының жалпы көлемі немесе диаметрі жазылады;
- 4) 7-бағанда музей затындағы анықталған ақаулар көрсетіледі;
- 5) 8-бағанда архив қоймасының №, архив қоймасындағы сейфтің № көрсетіледі.

А4 форматы (210X297)

**Музей заттарын есепке алуды түгендеу карточкасының нысаны**

**№\_ ТҮГЕНДЕУ КАРТОЧКАСЫ**

**Алдыңғы беті**

Заттың атауы \_\_\_\_\_  
 Заттың сипаттамасы \_\_\_\_\_

**Артқы беті**

Келіп түскен күні Келіп түскен дереккөзі \_\_\_\_\_  
 Материал Көлемі Сақталуы \_\_\_\_\_  
 Сақтау орны \_\_\_\_\_  
 Карточка толтырылған күн \_\_\_\_\_

Музей  
затының  
суретіне  
арналған орын

*Карточканың нысаны мемлекеттік архивтің қалауы бойынша*



**Н. Артонкина,**  
«НФП Бизнес решения» ЖШҚ Ұйымдастырушылық және  
құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы,  
Мәскеу қ.



# «Ақылды» кестелер: MS Excel көмегімен деректер базасын қалай жасауға болады

« Біз бірте-бірте қарапайымнан күрделіге қарай жылжудамыз: енді сіз MS Word-та жұмыс істеуді жеңілдететін барлық амалдарды білесіз, бұл туралы ешкім білмейтіндей етіп ақпаратты Интернеттен іздеуді, MS PowerPoint-та қалай жұмыс істеу керектігін және тағы көп нәрселерді білдіңіз. Енді неғұрлым күрделі нәрселерді үйренудің уақыты келді, мысалы, деректер базасын немесе «ақылды кестелерді» құру. Мұны қалай жасауға болады? Ақпараттық технологиялар саласындағы маман айтып береді. »

«Деректер базасы» деген сөз тіркесі «айтишник» мамандардың тілінде айтылған, сондықтан аздап үрей тудыруы мүмкін.

Ірі компанияларда деректер базасын құру үшін олар Oracle, SQL және т. с. с. ресурстарды пайдаланады. Өзіңе қажет болғанда (мысалы, шарттар базасы, сату жөніндегі деректер және т. б.), MS Access сияқты MS Office бағдарламаларын (мақалалардың бірінде бұл бағдарлама қарастырылған) немесе тіпті MS Excel бағдарламасын қолдануға болады. Мұндай деректер базасына қандай талаптар қойылады:


- белгілі бір деректерді сақтау;
- деректерді енгізуге ыңғайлы нысандар (ашылмалы тізімдер және т. б.);
- әртүрлі бөлімдерде есептер құрастыру мүмкіндігі.

## Кестелерді «ақылдыларға» өзгерту

Деректер жиынтығы бар кесте бар делік. Алдымен оларды «ақылды кестелерге» айналдыру керек.


Неліктен олар шын мәнінде «ақылды»? Алдымен, олардың қандай жағдайда пайдалы екенін анықтайық. Мысалы, бізде белгілі бір бағандар саны және көп жолдары бар үнемі жаңартылатын кесте бар. Әрі, кестені жолдар қосу арқылы да, бағандар қосу арқылы да өзгертуге болады. Басқаша айтқанда, кестенің ауқымы өзгереді. Сондықтан, осы кестеге (диапазонға) сілтеме жасайтын жиынтық кестелерді, формулаларды қадағалау қажет болады. Естеріңізде болса, кестенің ішіне жолдарды (бағандарды) енгізсеңіз, ауқымы автоматты түрде созылады. Алайда, егер сіз оларды өсу негізінде қоссаңыз, онда кесте ауқымын қолмен реттеуге тура келеді. Сонымен қатар, қосылатын жолдарға (бағандарға) формулаларды «созу», форматты көшіру және т. б. қажет болады, яғни мұның бәрін бақылау керек. Бұл ыңғайсыз. «Ақылды» кестелер осы кішкентай болып көрінетін, бірақ жағымсыз мәселелерді шешеді.

2007 жылдан бастап MS Excel-де «ақылды» кестелер құралы пайда болды. Курсорды «ақылды» жасағымыз келетін кестенің ішіне қоямыз. Содан кейін «Главная» қойындысына жүгінеміз, мұндағы «Стили» тобында «**Форматировать как таблицу**» командасын басамыз (1-сурет).



1-сурет


	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L
	Наименование	Месяц	День	Объем продаж	Менеджер	Покупатель						
2	Ручка шариковая, черная	апрель	4	3 450,00 Р	Иванов	Восток, ООО						
3	Ручка шариковая, черная	апрель	4	1 223,00 Р	Иванов	Союз, ООО						



2-сурет

MS Excel «ақылды» кестелердің түсін ресімдеу үшін жеткілікті үлкен таңдау ұсынады (2-сурет). Түстер палитрасы – бұл талғамға қатысты мәселе. «Ақылды» кестелердің басты құндылығы оның басқа қасиеттерінде екенін білеміз.

Ұнайтын түсті басамыз. «**Форматирование таблицы**» диалогтық терезесі пайда болады. MS Excel автоматты түрде біз «ақылды» етіп жасайтын кестенің ауқымын анықтады. «**Таблица с заголовками**» өрісіндегі «Құсбелгі» біздің кестедегі 1-жол – кестенің тақырыбы екенін білдіреді. Бұдан әрі **ОК** түймесін басамыз (3-сурет).



3-сурет

	A	B	C	D	E	F	G
1	Наименование	Меся	День	Объем продаж	Менедже	Покупатель	
2	Ручка шариковая, черная	апрель	4	3 450,00 Р	Иванов	Восток, ООО	
3	Ручка шариковая, черная	апрель	4	1 223,00 Р	Иванов	Союз, ООО	
4	Ручка шариковая, синяя	апрель	5	1 823,00 Р	Сидоров	Союз, ООО	
5	Ручка шариковая, синяя	апрель	5	2 345,00 Р	Иванов	Восток, ООО	
6	Ручка гелевая черная	апрель	4	5 283,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО	
7	Ручка гелевая синяя	апрель	5	4 321,00 Р	Петров	Закат, ООО	
8	Лоток вертикальный	апрель	2	2 980,00 Р	Скворцов	Информика, ООО	
9	Лоток вертикальный	апрель	3	4 856,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО	
10	Лоток горизонтальный	апрель	1	4 800,00 Р	Александров	Запад, ООО	
11	Бумага, А4	апрель	1	1 213,81 Р	Иванов	Инвест, ПАО	
12	Бумага, А3	апрель	2	5 678,00 Р	Емелин	Информика, ООО	
13	Ручка шариковая, черная	май	7	3 450,00 Р	Иванов	Восток, ООО	
14	Ручка шариковая, синяя	май	9	1 823,00 Р	Сидоров	Союз, ООО	
15	Ручка гелевая, черная	май	13	5 283,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО	

4-сурет

	Наименование	Месяц	День	Объем продаж	Менеджер	Покупатель	G
67	Бумага, А4	ноябрь	1	1 213,81 Р	Иванов	Инвест, ПАО	
68	Бумага, А3	ноябрь	2	5 678,00 Р	Емелин	Информика, ООО	
69	Ручка шариковая, черная	декабрь	7	3 450,00 Р	Иванов	Восток, ООО	
70	Ручка шариковая, синяя	декабрь	9	1 823,00 Р	Сидоров	Союз, ООО	
71	Ручка гелевая, черная	декабрь	13	5 283,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО	
72	Ручка гелевая синяя	декабрь	8	4 321,00 Р	Петров	Закат, ООО	
73	Лоток вертикальный	декабрь	4	2 980,00 Р	Скворцов	Информика, ООО	
74	Лоток горизонтальный	декабрь	5	4 800,00 Р	Александров	Запад, ООО	
75	Бумага, А4	декабрь	2	1 213,81 Р	Иванов	Инвест, ПАО	
76	Бумага, А3	декабрь	1	5 678,00 Р	Емелин	Информика, ООО	
77	Калькулятор						
78	Ножницы						
79							
80							
81							

5-сурет

	A	B	C	D	E	F	G	H
1	Наименование	Меся	День	Объем продаж	Менедже	Покупатель	XXX	
2	Ручка шариковая, черная	апрель	4	3 450,00 Р	Иванов	Восток, ООО		
3	Ручка шариковая, черная	апрель	4	1 223,00 Р	Иванов	Союз, ООО		
4	Ручка шариковая, синяя	апрель	5	1 823,00 Р	Сидоров	Союз, ООО		
5	Ручка шариковая, синяя	апрель	5	2 345,00 Р	Иванов	Восток, ООО		
6	Ручка гелевая черная	апрель	4	5 283,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО		
7	Ручка гелевая синяя	апрель	5	4 321,00 Р	Петров	Закат, ООО		
8	Лоток вертикальный	апрель	2	2 980,00 Р	Скворцов	Информика, ООО		
9	Лоток вертикальный	апрель	3	4 856,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО		
10	Лоток горизонтальный	апрель	1	4 800,00 Р	Александров	Запад, ООО		
11	Бумага, А4	апрель	1	1 213,81 Р	Иванов	Инвест, ПАО		
12	Бумага, А3	апрель	2	5 678,00 Р	Емелин	Информика, ООО		
13	Ручка шариковая, черная	май	7	3 450,00 Р	Иванов	Восток, ООО		
14	Ручка шариковая, синяя	май	9	1 823,00 Р	Сидоров	Союз, ООО		

6-сурет

C2							
A	B	C	D	E	F	G	H
1	Наименование	Меся	День	Объем продаж	Менедже	Покупатель	XXX
2	Ручка шариковая, черная	апрель	4	3 450,00 Р	Иванов	Восток, ООО	=[@[Объем продаж]]:[@День]
3	Ручка шариковая, черная	апрель	4	1 223,00 Р	Иванов	Союз, ООО	
4	Ручка шариковая, синяя	апрель	5	1 823,00 Р	Сидоров	Союз, ООО	
5	Ручка шариковая, синяя	апрель	5	2 345,00 Р	Иванов	Восток, ООО	
6	Ручка гелевая черная	апрель	4	5 283,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО	

7-сурет

Енді кесте мынандай болады:

Кестенің «ақылын» тексеріп көрейік. Оны тінтуірмен соңына дейін айналдырыңыз. Біздің мысалда кесте 76-жолда аяқталады. Бұл соңғысы. 77-жолына өтіп, өнімді қосуды бастаймыз. Айталық, бұл калькулятор мен қайшы болсын. Екі жаңа жолдың әрқайсысында тек бір ұяшықты толтырғаннан кейін, MS Excel оларды «ақылды» кестені толтыру арқылы «бөлектейтінін» байқайсыз (4, 5-суреттер). Яғни, олар автоматты түрде «ақылды» кестеге қосылады.

Енді бағандарды қосу қалай жүріп жатқанын тексерейік. G бағанына бағанның атауын қосамыз (G1 ұяшығы). XXX болсын. «Enter» пернесін басамыз.

Көріп отырғаныңыздай, жаңа баған да автоматты түрде «ақылды» кестеге қосылады (6-сурет). Сонымен қатар, автоматты түрде жаңа бағанда сүзгі «қосылады». «Ақылды» кестелердің тосынсылары мұнымен бітпейді. G2 ұяшығына формуланың қандай да бір түрін енгізуге тырысайық. Мысалы, = D2 - C2. Формула ақылға қонымсыз, одан логика іздемеңіздер. Алайда, оның «ақылды» кестеде қалай пайда болатынына назар аударыңыз (7-сурет).

MS Excel формулада төртбұрышты жақшаға алынған баған тақырыптарын қолданады! Біз сондай-ақ @ белгісін көреміз. Ол да формула үшін ерекше белгі. Бұл MS Excel есеп айырысу үшін сату цифрін алып, одан «сол»

№	А	В	С	Д	Е	Ф	Г	Н
1	Наименование	Месяц	День	Объем продаж	Менеджер	Покупатель	XXX	
2	Ручка шариковая, черная	апрель	4	3 450,00 Р	Иванов	Восток, ООО	3446	
3	Ручка шариковая, черная	апрель	4	1 223,00 Р	Иванов	Союз, ООО	1219	
4	Ручка шариковая, синяя	апрель	5	1 823,00 Р	Сидоров	Союз, ООО	1818	
5	Ручка шариковая, синяя	апрель	5	2 345,00 Р	Иванов	Восток, ООО	2340	
6	Ручка гелевая черная	апрель	4	5 283,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО	5279	
7	Ручка гелевая синяя	апрель	5	4 321,00 Р	Петров	Закат, ООО	4316	
8	Лоток вертикальный	апрель	2	2 980,00 Р	Скворцов	Информика, ООО	2978	
9	Лоток вертикальный	апрель	3	4 856,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО	4853	
10	Лоток горизонтальный	апрель	1	4 800,00 Р	Александров	Запад, ООО	4799	
11	Бумага, А4	апрель	1	1 213,81 Р	Иванов	Инвест, ПАО	1212,81	
12	Бумага, А3	апрель	2	5 678,00 Р	Емелин	Информика, ООО	5676	
13	Ручка шариковая, черная	май	7	3 450,00 Р	Иванов	Восток, ООО	3443	
14	Ручка шариковая, синяя	май	9	1 823,00 Р	Сидоров	Союз, ООО	1814	
15	Ручка гелевая, черная	май	13	5 283,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО	5270	
16	Ручка гелевая, синяя	май	8	4 321,00 Р	Петров	Закат, ООО	4313	

8-сурет

№	Наименование	Месяц	День	Объем продаж	Менеджер	Покупатель	XXX	Н
22	Ручка шариковая, синяя	июнь	4	1 823,00 Р	Сидоров	Союз, ООО	1819	
23	Ручка гелевая, черная	июнь	5	5 283,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО	5278	
24	Ручка гелевая, синяя	июнь	2	4 321,00 Р	Петров	Закат, ООО	4319	
25	Лоток вертикальный	июнь	1	2 980,00 Р	Скворцов	Информика, ООО	2979	
26	Лоток горизонтальный	июнь	2	4 800,00 Р	Александров	Запад, ООО	4798	
27	Бумага, А4	июнь	7	1 213,81 Р	Иванов	Инвест, ПАО	1206,81	
28	Бумага, А3	июнь	9	5 678,00 Р	Емелин	Информика, ООО	5669	
29	Ручка шариковая, черная	июль	13	3 450,00 Р	Иванов	Восток, ООО	3437	
30	Ручка шариковая, синяя	июль	8	1 823,00 Р	Сидоров	Союз, ООО	1815	
31	Ручка гелевая, черная	июль	4	5 283,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО	5279	
32	Ручка гелевая, синяя	июль	5	4 321,00 Р	Петров	Закат, ООО	4316	
33	Лоток вертикальный	июль	2	2 980,00 Р	Скворцов	Информика, ООО	2978	

9-сурет

Файл Главная Вставка Разметка страницы Формулы Данные Рецензирование Вид АСРОВАТ Конструктор

Имя таблицы: Сводная таблица

Таблица5

Размер таблицы: Преобразовать в диапазон

Свойства

Сервис

Данные из внешней таблицы

Параметры стилей таблиц

G2 =([Объем продаж])-[@День]

№	Наименование	Месяц	День	Объем продаж	Менеджер	Покупатель	XXX	Н	I	J	K	L	M	N	C
64	Ручка гелевая, синяя	ноябрь	4	4 321,00 Р	Петров	Закат, ООО	4317								
65	Лоток вертикальный	ноябрь	2	2 980,00 Р	Скворцов	Информика, ООО	2978								
66	Лоток горизонтальный	ноябрь	2	4 800,00 Р	Александров	Запад, ООО	4798								
67	Бумага, А4	ноябрь	1	1 213,81 Р	Иванов	Инвест, ПАО	1212,81								
68	Бумага, А3	ноябрь	2	5 678,00 Р	Емелин	Информика, ООО	5676								
69	Ручка шариковая, черная	декабрь	7	3 450,00 Р	Иванов	Восток, ООО	3443								
70	Ручка шариковая, синяя	декабрь	9	1 823,00 Р	Сидоров	Союз, ООО	1814								
71	Ручка гелевая, черная	декабрь	13	5 283,00 Р	Иванов	Рассвет, ООО	5270								
72	Ручка гелевая, синяя	декабрь	8	4 321,00 Р	Петров	Закат, ООО	4313								
73	Лоток вертикальный	декабрь	4	2 980,00 Р	Скворцов	Информика, ООО	2978								
74	Лоток горизонтальный	декабрь	5	4 800,00 Р	Александров	Запад, ООО	4799								
75	Бумага, А4	декабрь	2	1 213,81 Р	Иванов	Инвест, ПАО	1211,81								
76	Бумага, А3	декабрь	1	5 678,00 Р	Емелин	Информика, ООО	5677								
77	Калькулятор						0								
78	Исключения						0								
79	Итого						273810,29								
80															
81															
82															

10-сурет

мыздай, «зебра» тігінен орналасты. Бұл топтағы ең пайдалы опция – ол «**Строка итогов**». «Құсбелгіні» осы өріске қоямыз, сонда нәтиже сызығы автоматты түрде кестенің соңында пайда болады (79-жол) (10-сурет).

Бізде деректер бар үш кесте бар делік (бір файлда, бірақ әртүрлі парақтарда): **Прайс (Баға)**, **Заказчик (Тапсырыс беруші)**, **Закупки (Сатып алу)**. Мысалы, кеңсе тауарларына берілген тапсырыстар бойынша деректер базасын жүргізу қажет. **Тапсырыс беруші** – белгілі бір кеңсе тауарларына тапсырыс беретін құрылымдық бөлімше, **Сатып алу** – сатып алынған кеңсе тауарларының көлемі мен құны.

Сипатталған әдісті қолдана отырып, олардан үш «ақылды кесте» жасау керек (11–13 сурет). Нәтижесі:

жолдан (2-жолдан) тәуліктік цифрды алып тастауы керек дегенді білдіреді. Енді назар аударыңыз! «**Enter**» пернесін басамыз. Формула автоматты түрде бүкіл бағанда «созылады» (8-сурет).

Енді кестені төмен қарай бірнеше жолға жылжытыңыз. Баған атаулары бар жол әлі де көрсетіліп тұрғанына, яғни автоматты түрде бекітілетініне назар аударыңыз (9-сурет).

Кестені пішімдеп, оны «ақылдыға» айналдырғаннан кейін, негізгі панельде «**Конструктор**» қойындысы пайда болады (10-сурет). Біріншіден, кестенің түстер схемасын («**Стили**» тобы) басқа түстер схемасымен стильді тінтуірмен жай басу арқылы оңай өзгертуге болады. Кестедегі «зебраны» өзгертуге немесе тіпті алып тастауға да болады. Мысалы, жолдардың «зебрасын» бағандардың «зебрасына» ауыстырайық. Ол үшін «**Параметры стиль таблиц**» тобында «**Чередующиеся строки**» өрісіндегі «құсбелгіні» алып тастау керек. Содан кейін ол «құсбелгіні» «**Чередующиеся столбцы**» өрісіне қоямыз (10-сурет). Көріп отырғанымыздай, «зебра» тігінен орналасты.

Наименование	Категория	Цена
Бумага, А4	Для записи	200
Бумага, А3	Для записи	300
Ручка гелевая черная	Для письма	55
Ручка гелевая синяя	Для письма	55
Степлер	Мелкоофисное оборудование	150
Блокнот, А5	Для записи	100
Блокнот, А4	Для записи	150
Карандаш механический	Для письма	95
Маркер	Для письма	88
Скрепки	Мелкоофисное оборудование	65

11-сурет. Прайс (Баға)

Заказчик	Корпус	Кабинет
Юридический отдел	28	107
Канцелярия	29	211
Протокольный отдел	29	211
Отдел внедрения ИС	30	118
Бухгалтерия	28	110
Отдел кадров	28	110

12-сурет. Заказчики (Тапсырыс берушілер)

Дата	Наименование	Количество	Стоимость	Заказчик
Ноябрь	Ручка шариковая красная	4	180	Протокольный отдел
Ноябрь	Степлер	2	300	Протокольный отдел
Декабрь	Бумага, А3	2	1 200	Юридический отдел
Декабрь	Бумага, А4	5	1 000	Юридический отдел

13-сурет. Закупки (Сатып алу)

*Деректер базасымен жұмыс жасау қызықты іс болуы мүмкін, ал «ақылды» кестелер құралын қолдансаңыз, қолмен реттеуге немесе бәрін қадағалап отыруға тырысудың қажеті жоқ. Курсорды «ақылды» жасағыңыз келетін кестенің ішіне қойып, біздің ұсынымдарымызды орындаңыз. Ал бос уақытта хош иісті шай қайнатып, бұрын кестелермен жұмыс істегенде қиналғаныңызды еске түсіре отырып, күлімдеп отырасыз.*

**А. Тыналин,**  
«Lex Consulting» ЖК заңгері,  
Алматы қ.



# «Басшыға ұжымдық шағым жазамыз» кейсі



Құрметті оқырмандар, сіздер үшін жаңа кейстер топтамасын дайындадық, онда түрлі құжаттарды жасау және ресімдеу тақырыбын қарастырамыз. Кезекті тапсырмада ұсынылған құжатпен танысып, оны дайындаудағы қателіктер мен дәлсіздіктерді табуды ұсынамыз.



«Терек» ЖШС бас директоры  
Д. Д. Барысовқа  
Ақпарат бөлімінің жұмыскерлер  
ұжымынан

## **Бөлім басшысы Н. Л. Жакуповқа ұжымдық шағым**

«Терек» ЖШС ақпарат бөлімінің ұжымы Сізге бөлім басшысы Н. Л. Жакуповтың өзінің тікелей міндеттерін орындамағаны және қарамағындағы қызметкерлерге деген дөрекі қарым-қатынасы туралы шағымданады.

Ол қарамағындағы жұмыскерлеріне жүйелі түрде дөрекілік танытады, балағат сөздер айтып, қорлайды. Біз одан жұмыс мәселелерін мәдениетті түрде шешуді сұрадық, бірақ ол өтініштерімізге құлақ аспайды. Көбіне жұмыскерлерді айыппұлмен қорқытып, артық

жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Үстеме жұмысты жоғары тұрған органдардың бұйрықтарымен немесе өкімдерімен уәждемейді.

2021 жылы 10 тамызда бөлім жұмыскерлері ай сайынғы есеп беруді дайындау үшін жұмысқа келуге мәжбүр болды, дегенмен бұл бөлім басшысының міндеті. Жұмыскерлер артық жұмыс істегені үшін ақы төлеуді сұрағанда, дәрекі түрде бас тартты және олардың сол күні жұмысқа шыққаны Еңбек кодексіне сәйкес тіркелмеді.

Сондай-ақ, бөлім басшысы «Терек» ЖШС тапсырыс берушілеріне қатысты дәрекілік танытады, бұл ұйымның беделіне кері әсер етеді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты жағдайды түсініп, қажетті шараларды қабылдауыңызды сұраймыз. Біз Н. Л. Жакуповты қызметінен босату қажет деп санаймыз.

**Кейістің сұрағы:** Басшыға ұжымдық шағым жасаған кезде қандай бұзушылықтарға жол берілді?

#### **№ 07 тапсырманың жауабы**

#### **«Мүлікті қосалқы жалға беру туралы жалға берушінің келісімін жасаймыз» кейсі**

Мүлікті қосалқы жалға беру туралы жалға берушінің келісімін жасаған кезде іс қағаздарын жүргізудің келесі бұзушылықтарына жол берілді: «Қосалқы жалға беру шарты жалдау шартының мерзімінен асатын мерзімге жасалуы мүмкін емес» – бұл шартты тапсырмада көрсетілгендей ҚР АҚ 615-бабының 2-тармағы емес, ҚР АҚ 551-бабының 2-тармағында көрсетілген.

**Жауаптарыңызды «Кәсіби шеберлік мектебі» (№ 8) белгісімен мына мекенжайға: 050009, Алматы қ., Шевченко көш., 1656/72г, Радостовец көшесінің қиылысы, 712 кеңсе немесе [shkola@mcf.kz](mailto:shkola@mcf.kz) электрондық поштаға жолдаңыздар, міндетті түрде тегіңізді, атыңызды, әкеңіздің атын, лауазымыңызды, жұмыс орныңызды және толық пошталық мекенжайыңызды көрсетіңіз.**

**Жүлделі ойынға журналдың кез келген нөміріне жауап беріп, қатыса алатындарыңызды ұмытпаңыздар.**

**А. Верещагина,**  
психология ғылымының докторы,  
РХШ және МҚА Батыс филиалының доценті,  
практик психолог,  
Калининград қ.



# Өзіңнің неге бейім екеніңді табудың 5 әдісі

«**Өзіңізге ұнайтын жұмысты табыңыз, сонда өміріңізде бір күн де жұмыс істемейсіз, – деген Конфуций. Бірақ көптеген адамдар сол «ұнайтын істі» таба алмайды, өздерінің неге бейім екенін білмейді. Егер адам өзінің өмірінің басты кәсібі не екенін түсінбесе, онда ол қайда және не үшін баратындығын білмейді. Тәжірибеші психолог сізге жағдайды жақсартуға көмектесу жолдары туралы айтып береді.**

Адамға істеген ісінің мағынасын түсіну, сезіну маңызды. Әйтпесе, ол тез күйіп кетеді, істеген ісін жоққа шығарып, көңілі толмайды. Сіз өзіңіздің сүйікті, шабыттандыратын жұмысыңызбен айналысқанда уақыт басқаша өтетінін байқаған шығарсыз. Қызметіңе деген қызығушылық пен шабыт ақшаны өтей алады деген қате түсінік деп ойлаймыз. Керісінше, бұл өте мүмкін. Кейде адамдар жұмыс істеп, қарапайым жалақы алады. Өз ісіңізді саналы түрде сезіну, жұмысыңыздың қажет екенін түсіну маңызды – бұл нағыз ынталандыру. Ал егер дәл осы жұмыссыз адам өз өмірін елестете алмаса, онда бұл оның нағыз кәсібі екенін айтуға болады.

Барлық ұлы, табысты, көрнекті адамдарда ортақ нәрсе бар – құмарлық. Бұл қуат беретін, алға ұмтылуға және кедергілерді жеңуге мүмкіндік беретін тәжірибе. Өмірде өз ісіңді табуға мүмкіндік беретін де сол.



Психологиялық тұрғыдан құмарлық – бұл толқудың және ынта-жігердің қоспасы. Ол шабыт пен үмітті іс-әрекетке айналдырады. Мақсатқа жету үшін ол батылдық, кейде табандылық береді. Бұл біздің бос уақытымызды толтыратын нәрсе ғана емес. Құмарлық өмірдің, істеген ісіңнің мағынасын сезінуге, көруге мүмкіндік береді.

Шындық сол, көптеген адамдар өз қабілетін білмейді, сондықтан ештеңеге құштар емес. Олар қандай сезімді біледі? Жалықтыру. Мүмкін көңілі толмаушылық.

Егер сіз өз өміріңіздің негізгі ісі не екенін әлі түсінбейтін болсаңыз, онда бұл кеңестер сізге арналған: бүгін біз сізге мұны түсінуге көмектесетін жолдарды қарастырамыз. Мұны істеу үшін сіз «құмарлық» сөзі сізді шабыттандыратын және үлкен ынта-жігер беретін үлкен нәрсе екенін білуіңіз керек.

## Өз ісіңізді табуға және түсінуге көмектесетін тиімді әдістер

**Өз кәсібіңізді түсінудің және құмарлықты сезінудің бірінші жолы** – қандай кітаптар сізді көбірек қызықтыратынын байқау және талдау. Бұл болып жатқан оқиғаның мәні толығымен айқын болмаған кездегі жобалық техникаға ұқсайды. Кітап дүкеніне кіргенде назар аударыңыз, қай сөрелердің жанында сіз жиі және ұзақ уақыт жүресіз. Кітап дүкендерінде тонналаған сөрелер мен мыңдаған кітаптар бар. Осы алуан түрліліктің арасында жүріңіз, сіздің бейсанаңыз сізге көмектесіп, сіз үшін не қызық және тартымды екенін көрсетсін. Қандай да бір жолмен көмектесетін кітапты қарауға өзіңізді көндірудің қажеті жоқ. Бала сияқты болыңыз, өзіңізді қызықтыратын кітаптарды ғана алыңыз. Тіпті кейбір бөлімде уақытты көп өткізуіңіз мүмкін. Бұл әдіс өзіңізді қызықтыратын нәрсені түсіну үшін жақсы.

**Келесі маңызды қадам** – сіздің қабілетіңіз өзі сізді тауып алады деп ойлап, әрекетсіздік режимінен шығу. Кейбір адамдар бейсаналық түрде бір кездері олардың өмірін өзгертетін бір нәрсе болады деп күтуде. Олар кейінге қалдырылған өмір режиміне еніп, ештеңе жасамай отырады. Бұл сценарийді кез келген кезеңде тоқтатуға болады. Ол үшін бәрін түбегейлі өзгерту және «алысқа» бару мүлдем қажет емес. Өзгертуге болатын нәрсе жақын жерде.

Сіздің салаңызда ең қызықты тапсырмалар қайда шоғырланғанын қараңыз, оларды қалай шешуге болады, неден бастау керек, неге осы бизнесті таңдадыңыз? Балалық шағыңызды, армандарыңызды есіңізге түсіріңіз. Бұл біз армандайтын уақыт және біздің шынайы болмысымыз әсіресе айқын көрінетін кез. Сіз бала кезіңізде қандай едіңіз: парасатты прагматик па немесе қиялшыл ма, демалыстарыңызды қалай өткізетін едіңіз (жалғыздықта кітаптарды оқумен бе немесе достарыңызбен ойнап па), кім болуды армандадыңыз. Өзіңіз туралы маңызды нәрселерді еске түсіру үшін фотоальбомдарды ақтарыңыз. Біздің балалық шақтағы армандарымыз ешнәрсемен

шектелмейді. Біз нақты мүмкіндіктерді, ақшаны, біреудің пікірін, жағымсыз тәжірибені ескермей армандадық. Балалық шағымызда бірдеңе жасауға деген қатты және шынайы ниет болды.

**Әрекет емдейді.** Кішкентай ғана іс-әрекет сіздің өмір салтыңызды және нәтижелеріңізді өзгерте алады. Сіздің арманыңыздағы күніңіз қалай басталады? Медитациядан, жүгіруден немесе жаттығудан ба? Жаттығу жасауды, кітап оқуды немесе төсек жинауды бастаңыз.

Дәптерді алып, Барбара Шердің «Уақыт келді!» кітабынан бір жаттығуды орындаңыз.

1. Өміріңіздің үш кезеңіне көз жүгіртіңіз: балалық шақ, жастық шақ және алғашқы ересек жылдар. Сізге ұнағанның бәрін жазыңыз: мысықты сипау, ертегі тыңдау, еркіндік сезімі.

2. Әрі қарай өзіңізге сұрақ қойыңыз: әр жағдайда сізге не ұнады?

3. Енді жазбаларға қарап, көзге түскеннің бәрін жазыңыз. Көп ұзамай сіз өзіңізге ұнайтын, бұрын-соңды өзіне тартқан, жеке уәждемесі өте күшті нәрселерді көресіз.

Бұл не үшін керек? Арманыңның орындалғаны оны талдаудан гөрі жаныңды күшті емдейді.

**Қоршаған орта өзгерістердің маңызды уәждемесі болып табылады.** Жаңа адамдармен танысыңыз немесе оларды өзіңіздің ортаңыздан таңдаңыз. Бұл сіз құрметтейтін, сіз үшін қызықты, әрекет етуге шабыттандыратын және сонымен бірге ашулануды немесе қажетсіз бәсекелік сезімдерді тудырмайтын адамдар болуы керек. Олармен жәй ғана әңгімелесу үшін емес, бизнесті талқылау және мақсатыңызға жету үшін кездесу туралы келісіп алыңыз. Сіз жүйелі кездесулер кәсібіңіздің ілгерілеуін ұйымдастыратынын және ынталандыратынын байқайсыз.

**Мүмкін сізде арман мен нақты мақсат бар шығар.** Бірақ сіз оған қалай жақындауды білмейсіз. Бұған көмектесетін өте жақсы тәсіл бар: жоспарды «керісінше» жасаңыз – соңғы әрекеттерден біріншіге дейін. Барлығын кері ретпен жазыңыз. Бұл сізге орындалуға болатын алғашқы кішкентай қадамды көрсетеді. Мәселе – қозғалуды бастау керек.

**Өзіңізге қабілетіңізді жүзеге асырудағы маңызды сәттерді түсінуге көмектесетін сұрақтар қойыңыз:**

- Сіз өз қызметіңізбен адамдардың өмірінде қандай айырмашылық жасайсыз?
- Сіздің істеген ісіңіз кімге маңызды?
- Сіз өз қызметіңізбен әлемге не әкелесіз?
- Сіз басты міндет ретінде нені көресіз?

*Өз қабілетіңізді жүзеге асыру үшін, іс-әрекетке көшіңіз, бірінші қадамды жасаңыз. Біз қажетті құралдарын ұсындық. Сіз оларды қолдана бастайсыз деп үміттенеміз. Бұл сіздің өміріңізді саналы және бақытты етеді.*

**А. Верещагина,**  
психология ғылымының докторы,  
РХШ және МҚА Батыс филиалының доценті,  
практик психолог,  
Калининград қ.



## «Өмірлік ісіңіз» тесті



Өмірде қандай іс сізге барынша сәйкес келетінін білу үшін алдымен типіңізді анықтаңыз. Осы тесттің арқасында сіз қандай іс өз қабілетіңізді іске асыруға әкелетінін түсінесіз. Әрбір сұрақтан кейін бірнеше жауап нұсқалары бар – солардың бірін таңдап, қорытынды жасау керек.



1. Төмендегі әрекеттердің қайсысы сізге қызықты көрінеді?
  - А. Зақымдалған заттарды жөндеу.
  - Б. Ғылыми еңбектерді зерттеу.
  - В. Қызықты тұлғалармен сөйлесу.
  - Г. Құжаттарды, әртүрлі қағаздарды талдау.
  - Д. Жақын арадағы немесе алыс болашақты жоспарлау.
  - Е. Қолөнер немесе сурет салу.
  
2. Бос күндеріңізде не істегенді ұнатасыз?
  - А. Киімдерді реттеп, сынған заттарды жөндеп, үйде жайлылық жасауды.
  - Б. Желідегі жаңа қызықты ақпаратты зерттеуді.
  - В. Жақындарыңызға қонаққа баруды, оларды қонаққа шақыруды немесе жай қызықты іс-шараларға бірге баруды.
  - Г. Телехикаялар мен фильмдер көруді.
  - Д. Өзін-өзі дамытумен айналысуды (мастер-кластар, психология тақырыбындағы әдебиеттерді оқу және т. б.).
  - Е. Билеуді немесе сүйікті музыка орындаушыларды тыңдауды.

- 3. Қиындықтарды қалай жеңгенді қалайсыз?**
- А. Эмоцияға берілмей, жағдайды байқап, өзіңіз үшін дұрыс шешім табысыз.
  - Б. Қандай шешім ең оңтайлы болатынын түсінуге тырысып, мәселені егжей-тегжейлі зерттейсіз.
  - В. Жақындарыңызбен немесе туындаған мәселені жақсы білетіндермен кеңесіңіз.
  - Г. Уайымдайсыз, қиындықтар өздігінен шешіледі деп үміттенесіз.
  - Д. Мәселені басқа біреуге итере саласыз.
  - Е. Мәселенің жақсы жақтарын және одан туындайтын келешекті табуға тырысып, өзіңізді жұбатасыз.
- 4. Сіздің ойыңызша қандай қасиеттер сізде басымырақ?**
- А. Еңбекқор.
  - Б. Тапқыр.
  - В. Мәдениетті.
  - Г. Жауапты.
  - Д. Табанды.
  - Е. Харизмалы.
- 5. Мына заттардың қайсысын сыйлық ретінде алғыңыз келеді?**
- А. Тостер, мультипісіргіш немесе ноутбук.
  - Б. Психология, өзін-өзі дамыту туралы қызықты кітап.
  - В. Киім-кешек.
  - Г. Сирек кездесетін немесе қымбат тұратын зат.
  - Д. Стильді аксессуар.
  - Е. Құлаққап, жақсы акварель бояуы немесе концертке билет.
- 6. Кәсіби салада сіз үшін не басым?**
- А. Айқын және нақты талаптар.
  - Б. Жеке тұлғалық өсу.
  - В. Жақсы ұжым.
  - Г. Тұрақты жағдай.
  - Д. Жалақының үнемі өсуі.
  - Е. Жарқын эмоциялар.
- 7. Мектепте қандай сабақтарға бар ынтаңызбен бардыңыз?**
- А. Дене шынықтыру және еңбек.
  - Б. Физика және алгебра.
  - В. Орыс және шетел әдебиеті.
  - Г. Әлемдік тарих.
  - Д. Шет тілі.
  - Е. Музыка немесе сурет салу.
- 8. Сіз үшін табыстылықтың негізгі құрамдас бөлігі қандай?**
- А. Жақсы жұмыс.
  - Б. Саяхат.

- В. Қауіпсіз орта.
- Г. Жоғары еңбекақы.
- Д. Ықпалды жағдай.
- Е. Өмірден рахат алу.

### Тест нәтижесі

Сұрақтарға жауап бергеннен кейін жауаптарыңызда қандай да бір нұсқаның қай әрпі басқаларынан басым болғанын анықтаңыз. Енді тест нәтижелері сізге не айтатынын қараңыз. Сонымен, қай әріпті жиі белгіледіңіз?

**А – Реалист.** Сіз аяғыңызға нық тұрып, түсінікті және қажетті істермен айналысқыңыз келеді. Сіз зияткерлік жұмысқа емес, қолыңызбен жұмыс істеуге жақынсыз. Осыған сүйене отырып, сіз өзіңізге қажетті жұмысты таба аласыз – тігінші, жиһаз құрастырушы, агроном және тағы басқалар.

**Б – Зияткер.** Сіз өзіңіздің басты байлығыңыз ақылығыз екеніне сенімдісіз. Сіз керемет зерттеуші, жазушы немесе талдаушы бола аласыз. Мүмкін өзіңізді қызықты әңгімелер жазуда немесе сабақ беруде байқап көрерсіз?

**В – Әлеуметтік табысты адам.** Сіз басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда көп қиындық көрмейсіз, және сізге сол ұнайды. Сіз мұғалім, әлеуметтанушы, сатушы, жүргізуші және т. б. бола аласыз. Адамдармен қарым-қатынас жасау қажет болатын сала сіз үшін ең тиімді болып табылады.

**Г – Шарттарды ұстанатын тұлға.** Сіз дәстүрді қатты ұстанасыз, жеке жайлылығыңыз бен уақытыңызды бағалайсыз, бір нәрсені тегін жасағыңыз келмейді. Сонымен қатар, сіз жауапты және сенімдісіз. Сізге оқытушы немесе экскурсовод сияқты мамандықтар жайлы болады. Сондай-ақ, сіз кез келген көшбасшылық лауазымынан немесе жеке бизнесті басқарудан ләззат аласыз.

**Д – Есепшіл.** Жоғары сезім туралы сөйлесу және өмірге шағымдану – сіз туралы емес. Сіз өзіңіздің жайлылығыңызды бағалайсыз және өмірде жетістікке ұмтыласыз. Сонымен қатар, сіз мұның бәріне қол жеткізу үшін тағдырға арқа сүйеп немесе ыңырсып отыру емес, күш салу керек екенін түсінесіз. Сіз керемет кәсіпкер немесе көпшілік алдында сөйлеуші бола аласыз және үлкен команданы басқара аласыз. Өзіңіздің жеке бизнесіңізді бастау және дамыту туралы ойлауыңыз керек.

**Е – Шығармашыл тұлға.** Сіз үшін бірінші орында – сезім мен эмоция. Сіздің басыңызда күтпеген және қызықты идеялар үнемі пайда болады, бірақ көбіне бәрі осы кезеңде аяқталады. Сіз керемет суретші, биші, әнші, актер, жазушы болар едіңіз... Тізімді жалғастыра беруге болады. Өзіңізге қандай мамандық ұнайтынын анықтап, осы бағытта белсенді дамуды бастаңыз.

*Құрметті оқырмандар, сіздерден «Кәсіби сергіту сәті» айдарының тақырыптарын жинақтауға тікелей атсалысуларыңызды сұраймыз. Идеяларыңыз бен тілектеріңізді мына мекенжай бойынша жібере аласыздар: 050009, Алматы қ., Шевченко көш., 1656/72г, Радостовец көш. қиыл., 712-кеңсе, немесе электрондық пошта бойынша: [kadry.otk2@mcfr.kz](mailto:kadry.otk2@mcfr.kz), [head.kadry@mcfr.kz](mailto:head.kadry@mcfr.kz), міндетті түрде айдарды көрсету қажет.*



## МОНИТОРДАН ҮЗІЛІС ЖАСАҢЫЗ!

### КӨЗГЕ АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР



#### «АУЫР ПЕРДЕ»

15 секундқа көзіңізді жұмыңыз. Мүлдем қараңғы болу үшін қабақтарыңызды қатты жұмыңыз.



#### «КӨБЕЛЕК»

1 минут ішінде көздеріңізбен тез-тез жыпылықтаңыз.




#### «ЖЕҢІЛ ПЕРДЕ»

Көздеріңізді ақырын жабыңыз. Қабақтарыңызды қатты қыспаңыз. 10 секунд осылай отырыңыз.




#### «КӨЗДЕРІ ҮЛКЕН СУРЕТШІ»

Дөңгелек сызу үшін көздеріңізді айналдырыңыз. Осылайша сегіз санын, жұлдызшаны және басқа кескіндерді салып көріңіз.



#### «МЕРГЕН»

Көзбен ату: жоғары, төмен, солға, оңға қараңыз. Бастапқы күйге оралыңыз және жаттығуды тағы 5 рет қайталаңыз.



#### «ВИЙ»

5 секундқа көзіңізді жұмыңыз, содан кейін кең ашыңыз және 10–15 секунд алдыңызға қарап тұрыңыз. Жаттығуды 5–10 рет қайталаңыз.



Сұрақтарға жауап беретін: **Ш. Әбдіғалиқызы**,  
іскерлік әкімшілік магистрі,  
нұсқаушы-тренер,  
Алматы қ.



# Штаттық кестені өзгерту туралы бұйрық қай санатқа жатады?



**Штаттық кестені өзгерту туралы бұйрық қай санатқа жатады: жеке құрам бойынша ма әлде негізгі қызмет бойынша ма?**

Жеке құрам бойынша бұйрықтарға мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде пайда болатын, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м. а. 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген, сақтау мерзімдері көрсетілген жұмысқа қабылдау (тағайындау, оқуға қабылдау), жұмыстан босату (шығару), ауысу, аттестаттау, білім алу, біліктілікті арттыру, атақтар (шендер) беру, демалыстар, іссапарлар, тегінің (әкесінің атын) өзгергені, көтермелеу, марапаттау, еңбекақы төлеу, сыйақы беру, төлемдер, жәрдемақылар, тәртіптік жазалар қолдану мен алу туралы бұйрықтар жатады (Үлгілік құжаттар тізбесі 12-тармағының 2 тармақшасы).

Келтірілген нормада көрсетілгендей, жеке құрам бойынша аталған барлық бұйрықтарда нақты жұмыскерлер туралы ақпарат бар. Мұндай бұйрықтар **СТК 75 жыл** сақтайды.

Штаттық кестені құру, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрықтар негізгі қызмет бойынша бұйрықтарға жатады, өйткені олар **жалпы ұйым жұмысын реттейді**. Олардың сақтау мерзімі – **тұрақты**.

# Бұйрықтар мен жұмыс берушінің басқа актілерін жасаған кезде жұмыскердің жеке деректерін қалай көрсету керек



***Егер жеке куәлікте жұмыскердің Т. А. Ә. қазақ алфавитімен жазылған болса, бұйрықтарды немесе еңбек шарттарын орыс және қазақ тілінде жасағанда, оны орыс алфавитіне ауыстыру қажет пе? Әлде деректерді жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілгендей қалдыруға болады ма?***

Құжатта Т. А. Ә. ресімделуінің дұрыстығына күмәнданбау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алу қажет. Осылайша, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңының 20-бабына сәйкес кісі есімін, әкесінің есімін және тегін ресми құжаттарда жазу Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келуге тиіс.

«Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 73-V Заңы 6-бабының 1-тармағына сәйкес мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
- 3) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
- 4) азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
- 5) Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты;
- 6) Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты;
- 7) босқын куәлігі;
- 8) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі;
- 9) шетелдік паспорт;
- 10) қайтып оралуға арналған куәлік;
- 11) туу туралы куәлік;
- 12) жол жүру құжаты жеке басты куәландыратын құжаттар болып табылады.




Қазақстан Республикасының **Қылмыстық іс жүргізу кодексінде** көзделген жағдайларда жүргізуші куәлігі, әскери билет және туу туралы куәлік жеке тұлғаны растайтын құжаттар ретінде танылуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғанға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ресми құжаттардың мәтіндерінде **азаматтың (азаматшалардың) Т. А. Ә. жазылуын оның жеке куәлігіне сәйкес қолдану қажет.**


Осылайша, егер қазақ ұлты азаматының жеке куәлігінде оның Т. А. Ә. орыс әріптерімен жазылса, яғни қазақ әріптерін қолданбай жазылса, онда оның Т. А. Ә. мемлекеттік тілдегі ресми құжат мәтнінде және орыс тіліндегі мәтінде қазақ әріптерсіз оның жеке куәлігіне сәйкес ресімделетін болады (1-қосымша).

Егер қазақ ұлты азаматының (азаматшасының) жеке куәліктерінде оның толық аты-жөні қазақ әріптерін қолданып жазылса, онда мемлекеттік тілде ресімделген ресми құжат мәтнінде және орыс тілінде жасалған мәтінде азаматтың (азаматшаның) аты-жөні қазақ әріптерін қолдана отырып, оның жеке куәлігіне сәйкес ресімделеді (2-қосымша).

1-қосымша

<p><b>«БҮРКІТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</b></p>		<p><b>Товарищество с ограниченной ответственностью «БҮРКІТ»</b></p>
<p><b>БҰЙРЫҚ</b> 2021 жылғы 04 наурыз Алматы қаласы</p>		<p><b>ПРИКАЗ</b> № 19-Ж/Қ город Алматы</p>
<p><b>М.С. Камашеваны жұмысқа қабылдау туралы</b></p>		
<p>2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 34-бабына сәйкес <b>БҰЙЫРАМЫН:</b></p>		
<p>2021 жылғы 04 наурызда Мәриям Серикқызы Камашева шаруашылық мәселелері жөніндегі менеджер қызметіне еңбек шартының талаптарына сәйкес қабылдансын.</p>		
<p>Негіз: 2021 жылғы 03 наурыздағы № 32 еңбек шарты</p>		
<p><b>Бас директор</b>  М. О.</p>	<p>қолтаңбасы</p>	<p><b>К. Берманова</b></p>
<p>Орынд. Күлсариева Л.К. Бұйрықпен таныстым:</p>	<p>қолтаңбасы</p>	<p>М. Камашева 04.03.2021</p>

«XXX»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігі



Товарищество  
с ограниченной  
ответственностью  
«XXX»

**БҰЙРЫҚ**

2021 жылғы 10 ақпан  
Алматы қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 10-ж/қ  
город Алматы

**Е. Бүркітқызын  
ауыстыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің 38-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

2021 жылғы 11 ақпанда маркетинг бөлімінің жетекші менеджері Еркінай Бүркітқызы экономикалық бөлімнің бас менеджері лауазымына ауыстырылсын.

Негіз: еңбек шарты талаптарының өзгеруі туралы 2021 жылғы 25 қаңтардағы № 17 хабарлама, 2015 жылғы «\_\_» \_\_\_\_ № \_\_\_\_ еңбек шартына 2021 жылғы 10 ақпандағы № 7 қосымша келісім.

**Бас директор**

М. О.

*қолтаңбасы*

**М. Сүлейменқызы**

Орынд. аты-жөні

Бұйрықпен таныстым:

*қолтаңбасы*

Е. Бүркітқызы

10.02.2021

**Сұраққа жауап беретін: И. Иванова,**  
«ACTUALIS: Кадровое дело» электрондық жүйесінің сарапшысы,  
аудитор, DipIFR (ACCA), CAP, Қазақстан Республикасының кәсіби  
бухгалтері, 1-ші санаттағы салық кеңесшісі,  
салық кеңесшілері палатасының мүшесі,  
Алматы қ.



# Еңбекақы қоры деген не, ол неден тұрады?



**Еңбекақы қоры деген не, ол неден тұрады?  
ЕАҚ қалыптасуын қандай құжат немесе нормативтік-  
құқықтық акт реттейді?**

